

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«ӘЗІРЕТ СҰЛТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ
МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ» РМҚК**

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РУХАНИ ЖЕРАСТЫ МЕШІТТЕРІ
Анықтамалық жинақ

Түркістан 2022

ӘОЖ _____

ҚБЖ _____

Баспаға «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК
Ғылыми кеңесі ұсынған (Хаттама № _____ « _____ » _____ 2022 жыл)

«BR10164268 Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің тарихы және
«Қылует» жерасты мешітін музейлендіру» ғылыми бағдарламасы аясында
жарыққа шықты.

Жауапты редактор:

Садықбеков М.Ж. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-
қорығы» РМҚК директоры

Рецензенттер:

Тарих ғылымдарының кандидаты Тұяқбаев Марат Қымызұлы

Тарих ғылымдарының докторы, профессор Қожа Мұхтар Бахадырұлы

Авторлар: Тұрсұн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С., Тастанбеков М.М., Байболов Б.Қ.,
Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері. Анықтамалық жинақ. – Түркістан: «Әзірет
Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, - 2022. – 91 б.

ISBN _____

«Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері» анықтамалық жинағында
жерасты мешіттерінің тізімі және қысқаша тарихы баяндалады.
Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері туралы мәліметтер жинақталып,
олар хронологиялық және типологиялық жағынан топтастырылған. Жерасты
мешіттері туралы бағдарлама мүшелерінің ғылыми-зерттеу бағдарламасы
бойынша ғылыми сарапталған деректері мен материалдары оқырманға
ұсынылып отыр.

Кітап тарих мамандары мен жоғары және арнаулы оқу орындарының
студенттеріне, туризм саласының мамандарына, туристерге көмекші құрал
ретінде ұсынылады.

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда отандық өлке тарихын тану, зерттеу жұмыстары күннен-күнге қарқын алып келеді. Қалыптасқан қазақи дәстүрлі қоғам өзгерді, мәдени, рухани құндылықтар жетілдіріліп, жаңаша ұлттық сипатқа ие болуда. Қазақтың өзіне тән ұлттық ерекшелігінің бірі болып саналатын халық ауыз әдебиеті арқылы жеткен аңыз-әңгімелерін, жыр дастандарын, шежірені білер, ескіден хабары бар қариялар, жыл өткен сайын азайып барады. Бүгінгі күні отандық тарих саласынан маңызды ауызша мәлімет беретін шежірешілер мен күймақұлақ азаматтар жоқтың қасы деуге болады. Зерттеушілердің қазіргі алда тұрған мақсаты - мүмкіндігінше, әлі де сақталып қалған тарихи ескерткіштерді, құнды заттарды, тарихи аңыздарды, ауызша тарих үлгілерін, елдің-жердің тарихына қатысты құнды мәліметтерді жинап алу, кәдеге жарату, сұрыптап, саралап, сараптама жасай отырып ғылыми айналымға енгізу. Қоғамдағы түрлі көзқарастар мен діни, рухани үдерістерді әлеуметтік құбылыстарды ғылыми тұрғыдан зерттеу, тиісті бағасын беру.

Х.М. Әбжанов «Қазақстан: тарих, тіл, ұлт» атты еңбегінде «Отан тарихының өлкелік ерекшеліктерінен экономикадағы, әлеуметтік құрылымдағы, тілдегі, ділдегі, салт-дәстүрдегі бұрын барша қоғам қастерлеген, қазір ішінара сақталып қалған құндылықтар мен ұстанымдарды байқай аламыз» - деп атап көрсетеді. Отан тарихы ғылымының дамуы мен қоғамдық ерекшелігінде діни дәстүрлер мен діни тарихи ескерткіштердің алар орнын нақтылау саланың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазақстанның материалдық мәдени мұрасы ретінде діни құрылыстар мен киелі орындар, оның ішінде жер асты мешіттерінің алар орны ерекше. Олардың тарихын, функционалдық қызыметі мен архитектуралық ерекшеліктерін, рухани әлеуетін зерттеу, насихаттау еліміздің рухани қазыналарына халықаралық деңгейде назар аударуға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің тарихы, олардың атқарған функционалды қызметі, архитектуралық ерекшелігі туралы осы кезге дейін арнайы толыққанды кешенді зерттеулер жүргізілген емес. Дегенмен, еліміздің мәдени-рухани өмірінде олардың орны ерекше. Ортағасырлық калалар, сәулет өнері тұрғысында жазылған еңбектерде жерасты мешіттері назардан тыс қалып келеді.

Материалдық мәдени мұра болып табылатын жер асты мешіттеріне зерттеу жұмыстарының барысында тарихи жазба деректер және аңыз-әңгімелер жинақталып оларға ғылыми сараптама жасауға тура келді. Жинақталған материалдарды тарихи деректермен салыстырып талдау,

алынған тарихи, әлеуметтік, мәдени ақпараттар негізінде жер асты мешіттерінің рухани, мәдени әлеуетін анықтауға мүмкіндік туды.

Қазіргі уақытта есепке алынғаны бар, алынбағаны бар Қазақстандағы жерасты мешіттерін табиғи және антропогендік зиян келуден сақтау және оларды туристік нысанға аналдыруда қажетті ғылыми-техникалық, экономикалық, әлеуметтік-ұйымдастырушылық жағдайларды анықтау маңызды мәселеге айналып отыр. Ол үшін еліміздегі жер асты мешіттерінің тарихын зерттеу, жинақталған ғылыми деректер мен мәліметтерді жеткілікті дәрежеде насихаттау маңызды.

Қазақстанның рухани жер асты мешіттерінің туризмін дамыту мақсатында тарихи-мәдени мұраларды тиімді пайдалану үшін рухани жер асты мешіттерінің анықтамалық жинағын шығару, орналасуы бойынша жүйелеп, картасын дайындау, олардың компьютерлік банкін жасау, жер асты мешіттерін және Түркістан қаласындағы «Қылует жерасты мешітін» насихаттау жұмыстарын жүргізу, «Қылует жерасты мешітін музейлендіру үшін нақты ұсыныстар дайындап, тақырыптық-экспозициялық жоспарын жасау сияқты кезек күттірмейтін жұмыстар атқарылуы тиіс болды..

Сондықтан, қазақ жеріндегі IX-XX ғасырларда салынып, қызмет атқарған жерасты мешіттерінің тарихы мен қызметі жайындағы жазба және археологиялық деректерді талдау, сараптау, зерттеу мәселелерін анықтау осы жинақтың негізгі мақсаты болды.

Отандық тарих ғылымында рухани жерасты мешіттері мәселесі жеке зерттеу тақырыбы ретінде алғаш рет қаралып отыр. Ұсынылып отырған тақырып «Қазақстанның рухани киелі жерлері» мемлекеттік бағдарламасындағы мемлекеттік міндеттерді шешуге өзіндік үлес қосады.

Жинақта ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған тізімге енген ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар берілген.

І БӨЛІМ.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЛУЕТ ЖЕРАСТЫ МЕШІТТЕРІНІҢ
ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

М.С. Исаев, Х. Тұрсұн, Б.Қ. Байболов
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЛУЕТ ЖЕРАСТЫ МЕШІТТЕРІНІҢ
ТАРИХЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ
(жазба және археологиялық деректерде)

Кіріспе

Ислам дінінің қазақ даласына тарала бастауымен алғашқы мешіттер салынып, іргетасы қалана бастады. Жергілікті жердің табиғатына, халықтың тұрмыс тіршілігі мен өмір салтына байланысты мешіттер қала іші мен оның сыртына, жарқабақтарға, жерастына салынды. Қазақстан территориясындағы жерасты мешіттерінің ең ертесі IX ғасырда салынған Шақпақ Ата мешіті болса, аталған тізімді Үлкен Қылует, Кіші Қылует, Әулие Құмшық ата, Шілдехана, Шәмет ишан, Сұлтан үпі, Шопан ата, Бекет ата, Имам Марғузи, Қараман ата және т.б. мешіттер тізімі толықтыра түседі. Жерасты мешіті мағынасында қолданылып жүрген «Қылует» ұғымы ғылыми әдебиеттерде X ғасырдан бастап кездесе бастайды. «Қылует» сөзі арабша «Халуәтун» – жалғыз, жеке өмір сүруге ұмтылу деген сөзден шыққан. Түркімен тілінде «Қылует» – «құпия» деген мағына беретіндігін С.М.Давыдов өзінің «Суфизм в Туркмении» деген еңбегінде жазады. «Қылует» ұғымы суфизмнің бір саласы ретінде X ғасырдан бастап түркі тілдес халықтар арасында пайда бо-лып, XIV ғасырға дейін Таяу шығыс пен бүкіл мұсылман әлеміне кең етек жайғандығы жазы-лады (Тұяқбаев, 2000: 41).

Қылует жерасты мешіттері Қазақстанның оңтүстістігі мен батысында кең етек жай-ып, XX ғасырдың ортасына дейін үздіксіз қызмет атқарғандығы туралы аңыз-әңгіме лер-ден, ғылыми әдебиеттер мен жаһан жиһан кез-дерінің естеліктерінен, тарихи деректерден, археологиялық қазба жұмыстарының нәтиже-лерінен аңғаруға болады.

Жалпы ортағасырлық Қазақстан қалала рын-дағы үлкенді-кішілі әртүрлі мешіттер туралы жазба деректер X-XIII ғасырларда өмір сүрген саяхатшы, тарихшы ибн Хордадбек («Китаб әл-масалик уа-л мамалик» – Жолдар мен мемлекет-тер туралы), «әл-Мақдиси («Ахсан ат-тақасим уа мағрифат әл-ақалим» – «Аймақтар жөнінде мағлұмат беретін таңдаулы тарау»), әл-Идриси («Китаб нузһат әл-муштак фи ихтирак әл-афақ»– «Шаршағанның көңіл көтеруі мен (әлем) өлкелеріне саяхат») еңбектерінде

және Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының қаламынан туындаған «Насабнама» қолжазба шежіресінде (Safiyuddin, 1996) кездеседі.

Қазақстандағы жер асты мешіттері ту-ралы Орта Азиялық зерттеушілермен қатар, Ресейлік ғалымдар да қызығушылық танытады.

«Қылует» жер асты мешіті туралы П.Рычков, А.Алексеев, А.Дюгамель, Э.Эверсман, П. Пашино, В.Бартольд, А.Бернштам, В.А.Гордлевский М.С. еңбектерінде мәліметтер мен талдаулар кездеседі.

Жерасты мешіттеріне жүргізілген археоло-гиялық зерттеу кеңестік кезеңде басталып, тәуелсіздік алғаннан кейін де жалғасын тапты. М.Массон, Б.Засыпкин, К.Шахурин, В.Левина, Н.Немцева, Г.Пацевич, Т.Сенигова, К.Байпаков, Е.Смағұлов, М.Тұяқбаев және т.б Қожа Ах-мет Ясауи кесенесі мен оның маңындағы Үлкен Қылует, Кіші Қылует, Әулие Құмшық ата жерасты мешіттеріне археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, олардың құрылысы, бөлмелері мен қалыптасу тарихына өзіндік ойларын ортаға салады.

Жоғарыда аталған ғылыми зерттеулермен қатар, басқа сопылық ілімдегі «қылуетке түсу» дәстүрі туралы Фуат Көпрүлү, Ә.Дербісәлі, Д.Кенжетай, Ғ.Көшенова өз көзқарастарын білдіреді.

Г.Кановец, Ф.Ромагоса, А.Бланко, Г.Престли «Грекиядағы ортодокстық христиан діни жера-сты ғимараттары» (Canoves, Romagosa, Blanco, & Priestley, 2012:282-298) және М.Терзидоу, С.Скарлес, М.Сондерс (Terzidou, Scarles, & Saunders, 2018:54-65) жерасты діни ғимараттар мен рухани орындар туризмін дамыту туралы зерттеулер жүргізу барысында ішінара жерасты мешіттерінің тарихына қатысты ойлар өрбітеді.

Осы мақалада жоғарыда көрсетілген тарихна-малық еңбектердегі жерасты мешіттерінің тари хы мен қызметі туралы жазба және археологиялық деректерге талдау жасайтын боламыз.

Материалдар мен әдістер Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің тарихы, олардың атқарған қызметі туралы осы кезге дейін арнайы зерттеулер жүргізілген емес. Дегенмен, еліміздің мәдени-рухани өмірінде олардың атқарған рөлі орасан зор. Ортағасырлық қалалар, сәулет өнері тұрғысында жазылған еңбектерде жерасты мешіттері назардан тыс қалып келді.

Сондықтан, қазақ жеріндегі IX-XX ғасырларда салынып, қызмет атқарған жерасты мешіттерінің тарихы мен қызметі жайындағы жазба және археологиялық деректерді талдау, сараптау, зерттеу мәселелерін анықтау осы мақаланың негізгі мақсаты болды.

Рухани жерасты мешіттерінің тарихы мен жалпы қызметін анықтауға байланы-сты тұжырымдардың әртүрлі болуы, олардың салынуының

дүниетанымдық негіздерін талдай түсуді қажет етеді. Жерасты мешіттерінің та-рихы мен атқарған қызметін анықтау аталған құрылыстардың типологиялық функциясын дәл қорытындылауға мүмкүндік береді.

Мақалада зерттеу нысанын дереккөздердің мазмұндық ерекшеліктеріне сай талдау мен бағалаудың өзіндік тәсілдері тандап алынды.

Жерасты мешіттерінің қызметі мен тарихы-на қатысты деректер мәліметтерін, ғылыми тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, болжамдау, талдау тәсілдеріне басымдық берілді.

Нәтижелер және талқылаулар Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасыр тұсында сопылық ілім қарапайым халық қана емес ірі дін өкілдері мен билеуші топ өкілдері де мойындаған, ислам дінінің түркі халықтары арасында таралуы мен орнығуына үлкен әсер етті. Дегенмен, пайғамбарлық уаһи болғанға дейін Мұхаммед (с.ә.у.) жеке үңгірде жиі-жиі оқшауланғандығын да атап өткен жөн. Ясауия тариқатындағы қылует рәсімі туралы Ф.Көпрүлү 1914 жылы жазған «Шура меджмуасы» атты мақаласында былай жазады: «Қылует қалаған адам халықтың жаманшылығынан қорғану үшін емес, өз жаманшылығынан қорғану үшін бұл әрекетті тандап алдым деп ойлауы керек. Өйткені керісінше болған жағдайда өркөкіректік пен тәкапарлыққа жол береді» (Көргүлү, 1984:19). Қылуеттің ұстаз ұйғарымымен және оның бақылауында өтетін Ясауи тариқаты әдебіндегі ерекше әдістердің бірі екені баяндала-ды. «Қылует қырық күнге созылатын, күні-түні ұйқы мен тамақтан шектеліп, тәкбір, истиғфар оқылып, Аллаға құлшылықпен өтетін ғибадат мерзімі ретінде сипатталады. Әзірет Сұлтан қабіріне сопылар, қажылар үнемі зиярат етсе де, жылда бір рет зұлхиджа айының алдында үлкен рәсімді түрде қылуетханаға кіреді» (Тұяқбаев, 2009:5). 1866 жылы Түркістанға келген орыс са-яхатшысы П.Пашиноның (Пашино, 1868:63-72) саяхатнамасында Ахмет Ясауи мешітінде әлі күнге зікір салу жиындары болатындығына бай-ланысты берген дерегі де жерасты мешіттерімен байланысты болып келеді.

Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті әрі туы-сы Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының қаламынан туындаған «Насабнама» қолжазба шежіресінде Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайықтың өзі отызға жуық «Қылует» мешіттеріне шәкірт баулығындығы айтылады. Ал, Қожа Ах-мет Ясауидің өзі елуден аса «Қылует» жұмысына басшылық жасап, төл шәкірттерін шартарапқа Қазақстандағы қылует жерасты мешіттерінің тарихы мен қызметі діни білім беру үшін жіберіп отырғандығы айты-лады. Сонымен бірге, аталмыш қолжазбада Са-дыр шайықтың баласы Данышпан

Зарнұқи (Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті) «Түркістанда қырық жыл қылуат мешітінде қызмет етіп, ұстазы Қожа Ахмет Ясауи оны Отырарға жіберіп, онда қырық жыл қылуат мешіттерін басқарып, жетпіс жыл Қызырмен сұхбатта болғандығын және Отырарда жерленгендігі» (Safiyuddin, 1996a:2) айтылады.

Атақты шығыстанушы В.В.Бартольд (Бартольд, 1963:284) араб, парсы дүниесінің бірқатар тарихшы, шежіреші, саяхатшыларының ең бектеріне сүйене отырып, қазіргі Оңтүстік Қазақстан өңірі ежелгі қалаларының тарихын сөз еткенде ондағы мешіттер туралы да айтады. Ол мешіттердің жұртты имандылыққа ұйытқанын атап өтеді.

Орыс ориенталисі В.А.Гордлевскийдің (Гордлевский, 1962: 5) «Концепции истори Туркестанского святилища» еңбегінде Қожа Ахмет Ясауи алпыс үш жастан кейін өмір сүрген «Қылуат» мешітінің қонақ үйлері мен жылқы байлайтын ат қоралары да болғандығы жайлы мәлімет келтірген. Сонымен бірге, В.А.Гордлевский 1929 жылы Түркістанда болған сапарында тұрғылықты халықтан естіген дерегіне сүйенсек, қысқы шілде (25 желтоқсан –5 ақпан аралығы) кезінде Түркістанға Орта Азия мен Кавказдан жиырма бес мыңдай адам жыл сай-ын жиналып, қылуатке түсетін болған. Қылуатте қырық күн болып, зікір салып құлшылық амал-дарын өткізген. Жергілікті халық сопыларға ас-су тасығандығын жазып қалдырған.

М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары» кітабында түрлі деңгейде «Қылуат» мешіттерінің міндетін атқарған «Кіші Қылуат», «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіті құрылыстарының қалдығы осы күнге дейін сақталғандығын, соңғы жылдары «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіттері қайта қалпына келтіргендігін, «Кіші Қылуат», «Үлкен Қылуат» сияқты тарихи орындардың 1942 жылы бұзылып, кірпіштері Түркістан қаласындағы май зауытын салуға жұмсалғандығын жазады (Тұяқбаев, 2000a: 42).

Ортағасырға тиесілі «Үлкен Қылуат» же-расты мешіті кешен ретінде ерекше руха-ни тәрбиелік мәнге ие. Он сегіз бөлмеден тұрады. Кешенде күн кешуге және құлшылық ғибадатын атқаруға қолайлы жағдай жан-жақты қарастырылған. Қылуатте Қожа Ахмет Ясауи салдырған бір адамдық «Ғар» бөлмесіне қоса «Мешіт» бөлмесі, «Жамағатхана» бөлмесі, «Шаруашылық» бөлмесі, «Құжыра» бөлмелері, ыстық су дайындайтын, «Тахаратхана» бөл-мелері қарастырылған. Қылуат мешітіне жүргізілген археологиялық қазбалардың есебіне сүйенсек, II Дүниежүзілік соғысы жылдары-нан кейін қылуат жерасты мешітіне бірнеше археологиялық зерттеулер жүргізілген.

«Қылует» мешітіне 1972–1973 жж. археолог Т.Н.Сениговаға қазба жұмысын жүргізуді тапсырылды. Т.Н. Сенигова 1942 жылы бұзылып алынған қабырғаларының ізін табу мақсатында археологиялық барлауды траншеялық әдіспен жүргізді. Қазба нәтижесінде табылған керамикалық және стратиграфиялық материалдарға сүйене отырып, бұл құрылыстың салыну мерзімін XV-XVI ғғ. деп анықтайды.

Алайда, Т.Н.Сенигова «Қылует» мешітінің ең көне бөлігі деп есептелетін жерастындағы «Ғар» бөлмесінің іші-сыртына стратиграфиялық зерттеу жүргізбегендігін, осының салдарынан алып кешеннің салыну уақытын анықтауда қателік жібергенін кейінгі зерттеуші археологтар Е.Смағұлов, Қ.Итенов, М.Тұяқбаевтар анықтады («Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры). Нәтижесінде, археолог М.Тұяқбаев «Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген «Ғар» бөлмесінің ерекшелігі «балх» әдісімен қаланған төрт қырлы күмбезбен жабылған.

Қабырғаларының ұзындығы 135x135 см., биіктігі 175 см. Құрылыс 25x25 см кіріпіштерден бір жарым қатар қалыңдықпен қалаған, жер бетінен 4–4,5 метр тереңдіктегі аса ылғалды бөлме. Қабырғаның екі шетінде май шам қоятын орын да қарастырылғандығын жазған. «Ғар» сияқты жеке адамның өмір сүруіне арналған бөлмелер Түркістандағы Қарнақ елді мекенінде, Сайрам мешіт құрылысында, Маңғыстау өңіріндегі Шопан ата мешіті, Бекет ата мешіті, Шақпақ ата мешіті, Сұлтан Үпі мешіті, Бұхарадағы Бахаутдин құрылыс кешенінде, Пскент ауданындағы «Янтақ» село-сында, Самарқандағы Шахи Зинда құрылысында, Ташкенттегі Зайнутдин – баба кесенесінде және Құсам инбАббас кесенесінде кездеседі.

Литвинский Солтүстік Хорасан мен Мавераннахрда кең таралған исламға дейінгі от храмдарынан Орталық Азияның орталық кесенесінің генезисін шығарады. Сонымен бірге, кесенелер, егер олардың архитектуралық, әлеуметтік және идеологиялық аспектілерінің кешенінде зерттелсе, тұжырымдамалық жаңа құбылысты білдіретінін атап өтті (Baitenov, Tuysakayeva, Abdrasilova, 2019: 80-93). Ерте орталық кесенелердің генезисі зороастриялық от храмдарынан басталады деген пікірді Манковская да (Манковская, 1962) қолдайды. Ислам дінінен басқа буддизм, манихейлік сынды діндердегі жерасты діни-рухани орындары бар екендігі белгілі. Қазақстан территориясында таралған жерасты мешіттерінің құрылысында да жоғарыда аталған ұқсастықтарды анықтау арнайы зерттеуді қажет етеді.

Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» еңбегінде мұндай мешіттер Отырарда және Сырдың батыс бетіндегі Зернұқ (Уәсидыс) қаласында да болғандығы айтылған. Қожа Ахмет Ясауи

кесенесінің Мешіт бөлмесінен 50–60 метр жерде де Кіші қылуат жерасты мешітінің орны сақталған. Құрылысты 1960 жылы археолог Г.И.Пацевич (Пацевич, 1960:30-33) алғашқы болып зерттеді. Құрылыс төртбұрышты кірпішпен қаланып, жартылай жер астында орналасқан. Кішкене күмбезді, жамағатхана, тахаратхана бөлмелерімен қоса «Ғар» бөлмесі бар. Ғардың көлемі: 3x3 м., құрылыстың жалпы қабырғасының биіктігі 4 м. 1972 жылы «Кіші қылуат» жерасты мешітін археолог Т.Н.Сенигова (Сенигова, 1977: 46-58) тұрғылықты халықтың айтуынша және Е.И.Пацевичтің жазған есебі негізінде зерт-теп, ғылыми мақала жариялады. 1997–2001 жж. археолог М.Тұяқбаев бастаған «Түркістан археологиялық экспедициясы» Кіші қылуат же-расты мешітін қайта қазып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде «Кіші қылуат» жера-сты мешіті де 1942 жылы бұзылып, кірпіштері май заводын салуға жұмсалғандығын раста-ды. Түркістан өңіріндегі Құмшық ата мешіті, Шілдехана мешіті және Қарнақтағы Шәмет ишан мешіті, Шобанақ елді мекенінде орналасқан Имам Марғозы жерасты мешіттерінде де осы үрдіс жалғасқандығын (Тұяқбаев, 2000в: 42) атап өтті.

Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» еңбегінде де қылуатке адамдар жазғы шілде және қысқы шілдеде түсіп, онда қырық күн діни білімін жетілдіріп, қырық бірінші күн шығатындығы жазылған. Осындай діни үрдіс өткізетін жерасты мешітінің бірі Күлтөбе қалашығының маңында орналасқан Құмшық ата мешіті. Жерасты мешіті Х-ХІІ ғғ. салынған археологиялық ескерткіші бо-лып табылады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 1 км жуық жерде ашық далада орналасқан. Сопылардың діни рәсімдер өткізуіне арналған. Мешіт екі бөлмелі, ұзынша келген (он метрге жуық) ені тар дәлізді, шыға берісінде есігі бар үңгір құрылыс. Шикі кірпішпен қаланған. Түкпіріндегі бөлменің көлемі 2x2 м жуық, биіктігі 1,6 м, төбесі шатырлы күмбезбен көмкерілген. Оған іргелес диаметрі 2,5 м және биіктігі 2 м шамасында дөңгелек пошымды үй күмбезделіп жабылған. Дәлізі иірлі келген, негізгі құрылыс күйдірілген кірпіштен қаланған, күмбезбен көмкерілген. Төбенің орта деңгейінен құдық тәріздес, диаметрі 1 м шамасында, дәлізге жарық түсетін ойық жасалған. Жерасты мешітке кіретін есік қирап қалғандықтан, баспалдақтың сатылары анықталмаған. Мешіт пен дәліздің қабырғасы шаршы пішінді күйдірілген кірпіш-пен өрілген. Бөлме қабырғаларында шырағдан қоюға арналған шағын қуыстар қарастырылған.

Құрылыстың ішкі құрылымы сыланбаған. Жера-сты мешіті Х-ХІІ ғғ. өмір сүрген әулие Құмшық ата атымен байланысты айтылады. Зерттеу-лер мешітті ХІІ ғ. бастап, халық жиналып, діни уағыздар рәсімі өтетін орын

болғандығын рас-тайды. Сонымен қатар, ел аузындағы аңызға сүйенсек – Қожа Ахмет Ясауи өзі де жер асты жолы арқылы «Әулие Құмшық ата» мешітіне барып мінәжәт етіп отырған. Олай болса, X-XI ғғ. Құмшық ата жерасты мешітінің «Ғар» бөл-месінде сопылар өмір сүріп, олардың шәкірттері «Шілдехана» бөлмесінде жиылып зікір салып, сопылық әдет-ғұрыптар жүргізген деуге толық негіз бар (Сенигова, 1976:105–106). Құмшық ата жерасты мешітіне 1973–1974 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігі мен Ғылым Академиясының жанынан құрылған Тарих, археология және этнография институты бірлесіп экспедиция өткізді. Экспедиция жұмысын археолог Т.Н.Сенигова жүргізді. 1985 жылы Құмшық ата жерасты мешітіне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құмшық ата мешіті 2013 жылы толық қайта қалпына келтіріліп, ішкі жағы консервацияланып үсті топырақ үйіндісімен жабылды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен солтүстік-батысқа қарай 12 м жерде орналасқан жерасты нысанының бірі – Шілдехана жерасты мешіті. Онда сопылар қырық күн шілдеде діни әдет-ғұрыптар өткізетін орын болған. Шілдехана құрылысы XIV-XV ғғ. салынған деп есептеледі. Уақыт өте келе, қирап көміліп қалған ескерткішке 1958 жылы археолог ғалым Н.Б.Немцева (Немцева, 1961: 92-95) археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Шілдехана жерасты мешітінің тек төрт қабырғасымен кіреберіс дәлізі ғана сақталған. Жерасты мешітінің басқа да бөлмелері болған болуы тиіс деген жорамал жасауға болады.

Қазақстандағы қылуат жерасты мешіттерінің тарихы мен қызметі Түркістан қаласынан 40 шақырым жерде орналасқан XIX ғасырда бой көтерген Шәмет ишан жерасты мешіті бар. Мешітте үлкен құлшылық, кіші құлшылық бөлмесі, қылуат, ғар бөлмесі, шаруашылық бөлмесі бөлмесі қарастырылған. Мешіт күйдірілген кірпіштен салынған. Аталған мешіт Түркістан аумағында орналасқан қылуат жерасты мешіттердің соңғы үлгілерінің бірі болып табылады. Мешітте сопылардың қырық күн шілдеде діни әдет-ғұрыптар өткізуіне барлық жағдайы жасалған. Мешіт екі күмбезбен көмкерілген. Ондағы ағаш бағаналар тіреуіш қызметтерін атқарған. Мешітке қосымша айван бөлмесі қосылған (Константинова, 1950:194–198). Мешіт тің жанынан медресе құрылып, онда ондаған мұридтер білім алған. Яғни, Қарнақ медресесінде XIX-XX ғасырда Шортанбай Қанайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Балмағамбет Балқыбайұлы, Молда Мұса Байзақұлы т.б. қазақ зиялылары білім алған деген деректер бар. Мешіттегі медреселер XX ғасырдың II-ші жартысына дейін жұмыс істегендігін көнекөз қариялар жазып қалдырған.

«Көк тонды-ата» деп аталған XIX ғасырға тән архитектуралық ескерткіш Түркістан оазисіне қарасты Шобанақ елді мекенінде орналасқан. Шын есімі – Имам Марғозы. Бұл жерасты мешіті туралы деректер өте аз сақталған.

Маңғыстау өңіріндегі жерасты ғимараттарының біршамасы Бекет ата атымен байланысты. «Мұнда Қазақстандағы ең көп ескерткіштер мен ғибадат орындары орна-ласқан» (Koshim, Sergeyeva, Saparov, Berdibayeva, & Assylbekova, 2020:33-41). 1820-1821 жылдары Маңғыстау өңірін зерттеген орыс ғалымы Э.Эверсман (Эверсман, 1850:8, 296) өз еңбегінде: «Үстіртте таудан қашалып жасалған ғимараттар көптеп кездеседі. Бе-кет төрт жерден қашап жасаған. Біріншісі –Маңғыстауда, екіншісі – Ескі Бейнеуде болса, үшіншісі – Жем өзенінің бойынан салынған, соңғысы – Баялыда», – деп жазады.

Зерттеуші Қабидолла Сыдиықұлы 1885 жылы жарық көрген «Русский архив» жинағын қарастыра келе, аталған еңбектен мынадай үзінді келтіреді: «Ақбор төбенің бетінде қасқыр үңгіріндей жер бар екенін, оның ішіне бір адам зорға сиып кіретінін, биіктігі тек кісі бойындай ғана киіз үй пішіндес» екенін еңбегінде тайға таңба басқандай жазады» (Сыдиықұлы Қ. 2002: 24]. Бұл сопылық ілімдегі «қылует» дәстүрінің анық белгісі екендігі байқалады. Түркістандағы Кіші Қылует (Шілдехана) жерасты мешітінің де күмбез пішіндес құрылысы бар деген салыстыру жасауға болады. Маңғыстаудағы жерасты мешіттері туралы жазба және археологиялық деректер аз, дегенмен халық ауызындағы аңыз-әңгімелер көптеп саналады. Сондықтан, аталған өңірдегі жерасты мешіттері туралы тарихи және ауызша деректер салыстыра қарастылуы қажет.

Қорытынды

Қорыта келе, Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері ғалымдар тарапынан әртүрлі деңгейде зерттелді дей аламыз. Жоғарыда аталған еңбектерде кейбір ғалымдар тек мағлұмат бе-румен тоқталып, кейбірі жерасты мешіттерін кеңінен зерттеуге талпыныстар жасайды. Ал, енді кейбірі сопылық ілімдегі «қылует дәстүрі» мәселесінің тек бір ғана бөлігін қарастырады. Кейбірі жерасты мешіттерін археологиялық қатпарын ғылыми айналымға шығарып, халыққа танытуды мақсат тұтады. Қысқаша айтқанда, мәселенің қандайда бір мақсатта зерттелуіне қарамастан бұл зерттеулерге жера-сты мешіттері туралы зерттеулердің дамуы үшін маңызды қадамдар ретінде баға беруге болады.

Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері өз кезеңі мен одан ерте кезеңдегі барлық сипаттарға ие. Мұнда түркі-ислам ата дәстүрі мен иран сәулет өнерінің синтезі бар.

Қазақстандағы жерасты мешіттері түркі халықтары арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына жағдай жасаған негізгі орталықтар болса, оның осылайша кеңінен тара-луында да өзіндік ықпалы болды дей аламыз.

Еліміздегі жерасты мешіттерінің арнайы тізбегі мен картасы жасалып, туристік бағытқа енгізу кезек күттірмейтін жұмыстардың қатарында тұр. Бұл туралы ғалымдар тарапынан ұсынылған жаңалықтарды жүйелеу тарихи та-нымды толықтырады және жаңалайды.

Әдебиеттер

Тұяқбаев М. (2000) «Түркістан сырлары». Алматы: Атамұра.

Safiyuddin Mevlana. (1996). Nesep-nâme Tercümesi, Haz. Kemal Eraslan. İstanbul: Yesevî Yayıncılık.

Cànoves G., Romagosa F., Blanco A., & Priestley G.K. (2012) Religious tourism and sacred places in Spain: old practices, new forms of tourism. *International Journal of Tourism Anthropology*. 2(4), 282–298.

Terzidou M., Scarles C., & Saunders M.N. (2018). The complexities of religious tourism motivations: Sacred places, vows and visions 2018. *Annals of Tourism Research*, 70, 54–65.

Köprülü, M. Fuad, *Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar*, 1984.

Тұяқбаев М. (2009) Қылует. Түркістан: «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы қоры.

Пашино П.И. (1868). Туркестанский край в 1866 г. Санкт-Петербург, с. 63 – 72

Бартольд В.В. (1963). В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия, Москва: Восточная литература. 284 с.

Гордлевский.В.А. (1962). Избранные сочинения. История и культура. Москва: Восточная литература. Т. I.II.III.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры. Ф.5, д.4. о.11, л.6

Baitenov E., Tuyakayeva A., Abdrasilova G. (2019). Medieval mausoleums of Kazakhstan: Genesis, architectural features, major centres//*Frontiers of Architectural Research*. №8, 80-93 p.

Маньковская.Л.Ю. (1962.) К изучению приемов среднеазиатского зодчества конца XIV в. (Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави) ИЗУ, вып. 1.

Пацевич Г. И. Отчет о научно-исследовательских работах и археологических раскопках 1960 г. в районе архитектурного комплекса Ходжи Ахмеда Ясави в г. Туркестане. Архив Республиканской научно-реставрационной производственной мастерской Министерства культуры КазССР №3, с. 30-33

Сенигова Т. Н. (1977). Культурные сооружения около мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви. Археологические исследования в Отраре. Алматы: с. 46 – 58;

Сенигова Т.Н. (1976). «Уникальное культурное сооружение АулиеКумчик-ата в районе г. Туркестана» Прошлое Казах-стана по археологическим источникам. Алма-Ата: 105–106.

Немцева Н.Б. (1961). Археологические раскопки у комплекса Ходжа Ахмеда Ясеви (1958). «Известия АН Казахской ССР», серия экономики, философии и права, В. 1(15). с. 92- 95.

Константинова В.В. (1950). Мечети села Атабай. Известия АН КазССР. №4. С.194-198.

Koshim A.G., Sergeyeva A.M., Saparov K.T., Berdibayeva S.K., & Assylbekova A.A. (2020). Underground mosques of

Mangystau as the objects of religious tourism. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, 34(1), 33–41.

Эверсман, Э. (1840-1850). Естественная история Оренбургского края / пер. В.И. Даля. В 3 ч. Ч. 1-2. Оренбург; Казань:

В Тип. Штаба Отдельного Оренбургского Корпуса; В Тип. Императорского Казанского Университета, Ч. 1: 12, IV, 9 с.Ч.2: 8, 296 с.

Сыдыкұлы Қ. (2002). Бекет Ата – 260. Алматы: Атамекен» баспасы, 240 б.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ МАҢЫНДАҒЫ ҮЛКЕН «ҚЫЛУЕТ» ЖЕРАСТЫ МЕШІТІНІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕЛУІ

М.Қ. Тұяқбаев, Х.М. Тұрсұн, М.С. Исаев, Б.Қ. Байболов, С.Т. Шаметов

Кіріспе.

«Қылует» жерасты мешіті – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстік батысқа қарай 140 метр қашықтықта орналасқан жерасты ғимараты. Жерасты ғимаратының атауы «Қылует» ұғымының тарихи сырын анықтау өте маңызды. Бұл туралы М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары» атты кітабында «Халауат» деген ұғымның Х ғасырда пайда болған деп келтіреді. «Халауат» сөзі арабша «Халауәтун» - жалғыз, жеке өмір сүруге ұмтылу деген сөзден шыққан, сонымен бірге, С.М. Давыдов өзінің «Суфизм в Туркмении» деген еңбегінде түркімен тілінде «Хылует» – «құпия» деген мағына беретіндігін айтады (Тұяқбаев, 2000:41).

«Ислам. Энциклопедиялық сөздік» атты кітапта «Қылует» ұғымының пайда болу тарихына «Халаватия (түрік Халаветия) – XIV ғасырдың соңында Иранның солтүстік–батысында пайда болған сопылық бауырластық. Бауырластық алғашқыда түрік халықтарының арасында пайда болып, ортаазия түркілік мистикалық мектебінің кейбір идеяларын (Ахмад ал-Йасави) қабылдаған және маламатийа және календарийа дәстүрлерінің ықпалына қатты ұшыраған» деген анықтама береді (Ислам:Энциклопедический словарь, 1991:267).

«Халуат» мешітінің негізгі бөлігі болып жер астындағы «Ғар» және оның үстіне салынған «Мешіт» немесе «Шілдехана» бөлмелері саналады. «Халуат» мешіттері негізінен «Ғар» және «Шілдехана» бөлмелерінен тұрғандығын «Әулие Құмшық Ата», «Кіші Халуат» мешіттерінің құрылысынан байқаймыз және «Шілдеханасы» жартылай жер астында болса, «Ғары» міндетті түрде оның еденінің астына орналасады (Тұяқбаев, 2000:42). «Ғар» – сопылардың оқшауланып, құлшылық жасайтын орын. Ал, «Шілдехана» - рухани тазару үшін бойы діни рәсімдер орындалатын жеке бөлме.

Алғашқыда ортодоксалды ислам билеушілері мен ақсүйектері «Халауатия» ұстанымдарын мойындамай оларды қуғынға ұшыратқан. Сондықтан, өз идеялары мен ұстанымдарын уағыздау, діни әдет – ғұрыптары мен жоралғыларын жасау үшін ағым мүшелеріне құпия жер қажеттігі туындайды.

Алғашқыда үңгірлер мен жертөлелерді мінәжәт орны ретінде пайдаланған қауым мүшелері құпия орындарын мешітке айналдыра

бастайды. Осыдан келіп, «Қылует» жерасты мешіттері пайда болған деген тұжырым жасауға болады.

Қожа Ахмет Ясауидің немере інісі болып келетін Мәуләна Сафиаддин Орың Қойлақы жазып қалдырған «Насабнама» шежіресінде Қожа Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайықтың өзі отыздан астам «Қылует» жерасты мешіттеріне имамдық еткені, ал, Ахметтің өзі елуден астам «Қылуетке» ұстаздық жасағаны, олардың имамдарын өз шәкірттері арасынан тағайындап отырғаны туралы жазылады.

Түркістан қаласы, оның ішінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңына археологиялық зерттеулер тек кеңестік дәуірдің алғашқы жылдарынан бастап, яғни 1920 жылдардан бастау алады. Дегенмен, архивтік материалдар мен әдебиеттерде орыс офицерлері мен басқа да саяхатшылардың жазбаларынан жалпылама сипаттамалар кездеседі. 1922-1927 жылдар аралығында Түрік республикалары бойынша архив істері Орталық басқармасының және Средазкомстаристің басшылығымен бірнеше экспедициялар ұйымдастырылып, зерттеуге әрекет жасалған. Бұл зерттеулер Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің архитектуралық өлшемдерін алу мен суретке түсіру, жөндеу жұмыстары үшін шаралар қабылдаумен шектеліп, жерасты мешіттері құрылысына назар аудармағандығы архивтік құжаттардан көрінеді.

1922-1923 жылдары Түрік республикалары бойынша архив істері Орталық басқармасының арнайы тапсырмасымен құрылған Д.И. Нечкиннің археологиялық экспедициясы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің архитектуралық өлшемдерін алып, фототүсірілім жасайды. Осының негізінде ескерткішті қорғауға алу және жөндеу жұмыстарын жүргізу жөнінде біршама шаралар қабылданды.

Экспедиция құрамында профессорлар А.А. Семенов, А.Э. Шмидт және инженер С.К. Орлов болды (Миронов, 1926:28).

1925 жылы Б.П. Денике мен инженер М.М. Логиновтың Жетісу мен Түркістан қаласына жасаған археологиялық экспедициясы кезінде де Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің архитектуралық өлшемдерін алу мен фототүсірілім жасаудан әріге бармайды (Миронов, 1926:30). Бұл археологиялық экспедициялар жұмысы архитектуралық өлшемдер мен фототүсірілімдер жасау, ескерткішті сақтау және жөндеу жұмыстары бойынша шаралар қабылдаумен шектеледі. Осы экспедиция жұмыстарының нәтижесінде 1924 жылы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іргетасына зерттеу жұмыстары жүргізілді (Умняков, 1926:30).

Жерасты рухани діни орындарға қатысты шетелдік ғалымдар еңбектерінде ішінара кездеседі.

Жерасты діни ғимараттар мен рухани орындар туралы зерттеулер жүргізу барысында жерасты діни орындардың тарихы және салынуы туралы Г. Кановец, Ф. Ромагоса, А. Бланко, Г. Престли «Грекиядағы ортодокстық христиан діни жерасты ғимараттары» (Canoves, Romagosa, Blanco, & Priestley, 2012:282-298) атты еңбектерінде және М. Терзидоу, С. Скарлес, М. Сондерс (Terzidou, Scarles, & Saunders, 2018:54-65) еңбектерінде құнды пікірлер білдіреді. Бұл еңбектерден христиандық жерасты діни құрылыстардағы бөлмелердің қызметі исламдық сопылық дәстүрдегі жерасты мешіттеріндегі бөлмелерден басқаша салынғандығы көрінеді.

Қазақстан территориясында жерасты діни құрылыстары Маңғыстау облысында көптеп кездеседі. Маңғыстау өңіріндегі жерасты ғимараттарының біршамасы Бекет ата атымен байланысты. «Мұнда Қазақстандағы ең көп ескерткіштер мен ғибадат орындары орналасқан» (Koshim, Sergeyeva, Saparov, Berdibayeva, & Assylbekova, 2020:33-41). Аталған өңірдегі жерасты мешіттерінде де Түркістан өңіріндегі жерасты мешіттеріндегідей мешіт, «Ғар» сынды бөлмелер қызмет атқарған.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне алғашқы археологиялық зерттеу 1928 жылы М.Е. Массонның жетекшілігімен жүргізілді. Бұл жөнінде М.Е.Массонның арнайы мақаласы мен монографиялық еңбегі жарық көрген (Массон, 1929). Дегенмен, бұл еңбектердің ешқайсысында «Қылует» жерасты мешітіне археологиялық зерттеулер жүргізілгені туралы баяндалмайды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы. «Қылует» жерасты мешітінің тарихы мен қызметін, салыну жылдарын анықтауға байланысты зерттеу нәтижелерінің әртүрлі болуы, құрылысының бірнеше мәрте өзгеруі, жетілдірілуі нақты кезеңін анықтауда қиындықтар туғызды. Жылдар бойы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының арқасында ғана нақты тұжырым жасауға мүмкіндік туды.

Жерасты мешіттерінің тарихы мен салыну мерзімін анықтау аталған құрылыстардың типологиялық функциясын дәл қорытындылауға мүмкіндік береді.

«Қылует» жерасты мешіті туралы тарихи деректерді талдау мен сараптаудың тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық, индуктивті талдау әдістері бойынша жүргізілді.

«Қылует» жерасты мешітінің қызметі мен салыну кезеңіне қатысты деректерді, ғылыми тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстыру, талдау тәсілдеріне басымдық берілді.

Негізгі бөлім. «Қылует» жерасты мешітіне археологиялық зерттеу жұмыстарының алғашқысы 1940 жылы архитектор (ғылыми әдебиеттерде бірде скульптор, бірде археолог, бірде саяхатшы) А.Л. Шмидт жасаған макеттен басталған деуге негіз бар. Себебі, «Қылует» жерасты

мешітіне жүргізілген археологиялық зерттеулер түгелге дерлік осы макетті негізге алады. «Қылует» жерасты мешіті сынды күрделі құрылыстың макетін жасау археологиялық зерттеу жұмыстарынсыз жүрмегені белгілі. Е. Смағұлов, Ф. Григорьев, А. Итеновтердің «Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана» атты еңбегінде «1940 жылы Үлкен Қылует жойылғанға дейін сәулетші А.Л. Шмидт ағаштан және папье-машеден Қылуеттің интерьерінің макетін жасады. Оны XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қылуеттің келбетін анықтау үшін қолдануға болады», – делінген (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:138).

Макеттің дұрыс жасалғандығына «Қылует» жерасты мешіті 1940 жылдарға дейін жұмыс істеп тұрғаны туралы көнекөз қариялардың ауызша деректері дәлел болса, екіншіден, белгілі орыс ориенталисі В.А. Гордлевскийдің «Концепции истории Туркестанского святилища» атты кітабында «Қылует» туралы: «XX ғасырдың бірінші жартысына дейін Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанушылар оның құлшылық еткен орнына мыңдап (жиырма мыңға дейін) жиналатын болған» (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:136) – деген мәлімет береді. А.Л. Шмидттің жүргізген зерттеулері туралы мақалалары мен жазбаша есебін іздестіру әзірге нәтижесіз аяқталуда.

Макет бойынша «Қылует» жерасты мешітінің ауданы 20,5x11,5 м10 және солтүстік-шығыстан оңтүстік-батыс бағытында түскен (Сенигова, 1977:47). Дегенмен, кейінгі жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде «Қылует» жерасты мешітінің алғашқы құрылысының қабырға қалдықтары табылып, ол қабырғалардың А.Л. Шмидт жасаған макетпен сәйкессіздігі анықталды. Себебі, «Қылует» жерасты мешіті құрылысы бірнеше кезеңнен тұратыны дәлелденді (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:138).

«Қылует» жерасты мешітіне мұқият археологиялық зерттеу жұмыстары 1972-1973 жылдары басталды.

1972-1973 жылдары Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи мемориалдық кешенінің қорғау аймағында ҚазССР ҒА Тарих, археология және этнология институты Қазақ ССР Мәдениет Министрлігімен бірлесе ескерткіштерге археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Археологиялық қазба жүргізілетін діни құрылыстар қатарына – «Кіші Қылует», «Шілдехана» және «Үлкен Қылует» кірді (Сенигова, 1977:42).

«Қылует» жерасты мешітінің Кеңестік кезеңде бұзылып құрылыс материалдарының май зауытын салуға алынып кеткендігі (Смагулов, Григорьев, Итенов, 1999:138) және жерасты мешітінің үстіне кеңестік кезеңде салынып, қолданыста тұрған басқа да қосымша құрылыстардың болуы қазба жұмыстарын толық жүргізуге кедергі келтіргендіктен, Т.Н. Сенигова кең көлемде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізе алмаған. Тек қана солтүстік-шығыс қабырғасының бойынан шығыс бағытта 3 траншея және солтүстік бағытта 3 траншея қазу арқылы негізгі қабырғаның бағытын және ол қабырғаның Л.А. Шмитд жасаған макетпен сәйкес келетінін анықтап, «Қылует» жерасты мешітінің ішкі бөлмелеріне жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған керамикалық ыдыстарға жасалған сараптамалар бойынша ғимарат XV-XVI ғасырларда салынған», – деген тұжырым жасайды (Сенигова, 1977:58). Осы археологиялық қазба барысында «Ғар» бөлмесінің ішіне де зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Ол туралы Т.Н. Сенигова: «Төменгі жағында жер асты бөлмесіне кіреберіс орналастырылған – «Ғардың» диаметрі 75x90 см және тереңдігі 1,10 см сопақ құдық (люк) түрінде жасалған. Әрі қарай қорап тәрізді қабырғамен қоршалған ұзын дәлізбен жалғасып, кірпішпен қаланған төрт баспалдақ бар. «Ғарға» апаратын дәліз михраб тәрізді шығысқа бағытталған және 12 күйдірілген қыштан (кірпіштен) жасалған аркамен аяқталады. Арка ені екі кірпіш (55 см.). Дәліз арканың негізгі көлеміне орай 40 см. дейін тарылып, жоғарыға қарай 50 см. дейін көтеріле кеңейген. «Ғар» шаршы пішінді (1,34x1,34 м) және күмбезбен көмкерілген, еденіне күйдірілген кірпіш қаланған. «Ғардың» қарама-қарсы екі қабырғасының бұрышында кірпішпен қаланған бір-бір ойықшасы бар. Ойықтың биіктігі 50 см, ені 30 см. Ойық тереңдігі 25-27 см. (Сенигова, 1977:48-50), – деген анықтама береді.

Т.Н. Сенигова объектінің сыртқы қабырғаларына толық археологиялық қазба жұмысын жүргізбеуі, ғимараттың салынған кезеңін дәл анықтауға мүмкіндік бермеді. Археологиялық қазба кезінде табылған заттарға сараптама жасай отырып, Т.Н. Сенигова ғимараттың жасын XV-XVI ғасырлар деп қате тұжырым жасайды. Ғимарат ішінен табылған XV-XVI ғасырларға тән ыдыстар «Қылует» жерасты мешіті сол дәуірден бері жұмысын тоқтатпағанының дәлелі болса керек. 1972-1973 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына талдау жасай отырып, 1979 жылы археологиялық зерттеу жүргізген Е. Смағұлов, А.Л. Шмитд

макеті бойынша «Үлкен Қылует» кешені әртараптандырылған бөлмелер арқылы құрылатынын, оның екі құрылыс кезеңінен тұратынын анықтады.

1979 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында «Қылует» жерасты мешіті бүкіл қабырғалары биіктігінің жартысына жуығы жер астында орналасқандығы айтылған.

Дегенмен, «Қылует» жерасты мешіті алғашқы нұсқасында жартылай жер асты құрылымы ретінде салынған ба, әлде оның айналасында сақталған мәдени қабаттың өсуіне байланысты қабырғалары жартылай жерге көмілген бе деген сұраққа жауап берілмейді. Бірақ, осы зерттеу барысында Қожа Ахмет Ясауидің пайғамбар жасына жеткен соң, жерастына түсіп, өмірінің соңына дейін сонда мінәжәт еткен «Ғар» бөлмесі XII ғасырда соғылған болуы мүмкін деген пікір айтылады.

«Халық аңызы бойынша «Қылуеттің» ең ежелгі бөлмесі және дәл сол жерде Қожа Ахмет Ясауи қайтыс болғанға дейін өмір сүрген деп саналатын «Ғар» №1 мешіт және №2 дәліз бөлмелерінде (1 сурет) еден астында орналасқан. Яғни, оның құрылысын XII ғасырға жатқызуға болады» (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:141).

1979 жылы жүргізілген археологиялық зерттеулер кезінде Е. Смағұлов «Қылует» жерасты мешітінің негізгі бөлмесі болып саналатын № 6 (1 суретте) жалпы жиналыс жасалатын үлкен залдың жайпақ төбесінің белағаштары он алты бағаналарға сүйелетінін және ол бағаналардың Түркістандық әсем өрнектермен бедерленгенін, ол бағаналардың түпнұсқасы қазіргі кезде Ташкент өнер музейінде экспозицияда тұрғаны туралы Г.А. Пугаченкованың «О резных деревянных колоннах XIV-XV и. И Туркестане» (Пугаченкова, 1948) атты еңбегіне сілтеме жасайды.

Осы үлкен залға жалғастырыла құрылыстың екінші кезеңі салынған, сондықтан үлкен залдың батыс қабырғасынан кіру есігі орналастырылған. Құрылыстың екінші кезеңіне № 9-18 бөлмелер (1 сурет) жатады. Бұл бөлік негізінен шаруашылық бөлмелер болып табылады. Бұл бөлмелерге жүргізілген қазба жұмыстары барысында анықталғанындай екінші кезең құрылыстарының өзі бір мезгілде салынбаған. Себебі, зерттеу жұмысының жазбаша есептеріне қарағанда әр бөлме еденінің деңгейі әртүрлі болып келеді.

Екінші кезеңге жататын ғимарат бөлігінің үш бөлмесінен (№10, 11, 14) құдық орны, ал №14, 15 бөлмелерден суағар орны, №14 бөлмеден ошақ пен қазан орны, №13 бөлмеден №14 бөлмедегі (1 сурет) ошақтың от жағатын аузының орны табылады, бұдан бұл бөлмелердің діни әдет –

ғұрыптар мен жоралғылар жасау үшін тазалық бөлмелерінің қызметін атқарғандығын көреміз.

Е. Смағұлов, Ф. Григорьев, А. Итеновтердің «Діни құрылыстар» атты мақаласында «Қылует» жерасты мешітінің №1 бөлмесі туралы «Бұрын, бөлме төбесі күмбезді болғанға ұқсайды», – деген пікір білдіреді (Смағұлов, Григорьев, Итенов, 1999:141). Ортағасырлардағы кез келген діни құрылыс күмбезді болмағаны тарихтан белгілі. Осыған байланысты Орта Азияда кездесетін кейбір діни құрылыстардың шығу тегі туралы Литвинский Солтүстік Хорасан мен Мавераннахрда кең таралған исламға дейінгі от храмдарынан Орталық Азияның орталық кесенесінің генезисін шығара келе, күмбезді құрылыстар, кесенелер, егер олардың архитектуралық, әлеуметтік және идеологиялық аспектілерінің кешенінде зерттелсе, тұжырымдамалық жаңа құбылысты білдіретінін атап өтеді (Baitenov, Туякаева, Abdrassilova, 2019: 80-93).

Кеңестік кезеңде «Қылует» жерасты мешітіне назар аударылмай, табиғи және адам қолымен жасалған әрекеттердің нәтижесінде өте қатты зиян шеккен. 1982 жылы «Қылует» жерасты мешітіне «Қазқайтажаңғырту» мекемесі жөндеу жұмыстарын жүргізеді. «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің ведомстволық архивінен алынған деректе «1980 жылы алдын-ала жобалау жұмыстары бойынша жүргізілген зерттеу кезінде тек «Шілдехана» бөлмесі қабырғаларының қалдықтары сақталып қалғандығы анықталды. Қалпына келтіру жұмыстарына 40-жылдары жасалған А.Л. Шмидттің макетін негізге ала отырып жоба жасалды. Осы жоба бойынша реставрациялық қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді» (Қазқайтажаңғырту мекемесінің ведомстволық архиві, I:1). 1972-73 жылы жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарынан кейін де «Қылует» жерасты мешітінде айтарлықтай өзгерістер бола қоймаған сыңайлы. Өйткені, «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің жобалау жұмыстары үшін жүргізген зерттеулерінің құжаттары мен 1972-1973 жылдары археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Т.Н. Сенигованың жазбаларын салыстырып қарағанда айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды. Макет бойынша он сегіз бөлме көрсетілген болса, қайта қалпына келтіру жұмыстары басталғанға дейін екі бөлме ғана сақталып қалған. Ол бөлмелердің қабырғалары да бұзылып алынып, дегенмен, белгісіз жанашырлардың қамқорлығымен қайта қаланған. 1982 жылы жүргізілген қалпына келтіру жобасына оңтүстік-шығыс қабырғасы енгізіліп, ертеректе салынған 8 бөлме макет бойынша қалпына келтірілді (Қазқайтажаңғырту мекемесінің ведомстволық архиві, I:1).

1997 жылы «Қазқайтажаңғырту мекемесі «Қылует» жерасты мешіті ғимаратына сыртқы толық ауқымды тексеру жүргізіп, нәтижесінде құрылыстық жобалау жүйесінен ауытқулар болғандығын анықтайды. Осы мекеменің ведомствалық архивінен алынған мәліметте «Негізгі бағаналардың арақашықтығы, белағаштардың жапсарлары, шатыр құрамы мен қабырғалардың геометриялық өлшем тепе-теңдіктері сақталмағаны анықталған» (Қазқайтажаңғырту мекемесінің ведомствалық архиві, I:1).

«Қылует» жерасты мешітіне келесі археологиялық қазба жұмысы 1996 жылы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қаржысымен археологтар Е. Смағұлов және М.Қ. Тұяқбаевтардың жетекшілігімен жүргізілді. М. Тұяқбаевтың «Археологические исследование в Большом Хильвете» атты мақаласында «Ғар» бөлмесінің жасын анықтауды археологиялық қазбаның негізгі мақсаты етіп қойылғандығын айтады (Тұяқбаев, 2011:42).

Қазба жұмысы барысында анықталғандай «Мешіт бөлмесі мен «Ғардың» салыну уақыты екі түрлі екендігі анықталған. Себебі, қазіргі жерасты мешіті қабырғаларының «Ғар» қабырғаларымен сәйкес келмеуі мешіт бөлмесінің кейін немесе бұзылған құрылыс орнына қайта салынғандығын көрсетеді. Бұл туралы жазбаша есепте «Ең алдымен, «Ғар» қабырғалары мен оның үстінде орналасқан «Мешіт» бөлмесі қабырғаларының бағыты біршама сәйкес келмеуі, олардың бір-біріне (шамамен 15 градус) қиғаш бұрышта болуы назар аудартады. А.Л. Шмидттің макетінде де бұл қабырғалар дәл солай сәйкес келмейді. «Ғар» үстімен мешіттің оңтүстік-батыс қабырғасы өтеді.

«Ғар» қабырғасы мен Мешіт бөлмесі қабырғаларының сәйкессіздігі екі құрылыстың бір-біріне салыну мерзімі жағынан қатысы жоқтығын көрсетеді» («Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры, Ф.6:1).

Негізгі археологиялық жұмыстар «Ғар» қабырғасының сыртқы жағынан жүргізілген. Қазба жұмыстары үшін алғашқы тексеру жұмыстары кезінде (шурф) бір метрден аса тереңдікте қам кесектен соғылған қабырға орны кездеседі. Бұл қабырға бойынша құрылыстың көлемі қазіргі тұрған «Мешіт» қабырғасынан бір метрдей кіші, бірақ, қазіргі қабырғамен параллель орналасқан, яғни, «Ғар» қабырғасынан 15 градустай қиғаш. «Ғардың ең жоғарғы жаппасы бір метрдей төменде орналасқан. Осы жерден «Мешіт» бөлмесінің күйдірілген қыштан қаланған едені де 15 градустай қиғаш. Бұдан шығатын қорытынды қам кесектен соғылған мешіт қабырғасы да «Ғар» құрылысынан кейін қаланғандығын көрсетеді. Бұл туралы М.Тұяқбаевтың «Археологические

исследование в Большом Хильвете» атты мақаласында «Қам кесектен соғылған қабырға, қазіргі тұрған «мешіттен» бұрынғы мешіттің орны екендігінің, бірақ, «Ғар» бөлмесінен кейін салынғанының дәлелі» (Тұяқбаев, 2011:42). Осы мақалада «Ғар» үстінде мешіттен бұрын басқа шаршы немесе шеңбер формасында құрылыс болған, кейінірек ол құрылыстың орнына «Мешіт» XV ғасырларда салынған болуы мүмкін деген пікір айтылады.

Жоғарыда келтірілген дәлелдер «Қылует» жерасты мешіті күйдірілген қыштан Әмір Темір заманында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысы кезінде қайта салынған болуы мүмкін деген ойға итермелейді. Бұл туралы М. Тұяқбаевтың «Археологические исследование в Большом Хильвете» атты мақаласында «Хильветтің күйдірілген кірпішпен қайта салынуы тимуридтік кезеңге, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылысымен байланысты деп болжап отырмыз. Сол уақыттарда «Зиярат» бағытына кесенеден басқа «Қылует» және Ахмет Ясауи тұрғын үйі (қазіргі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында орналасқан «Жұма мешіті» орны) және оның жақындарының жерленген орындары кірді. Ұлы Темір де Ясауи есімімен байланысты жерлерге қызығушылық танытып, толық бағдарлама бойынша зиярат жасауға ниетті болған. Зиярат кезінде қам кесектен салынған «Қылуеттің» аянышты хәлін көріп қайта салғызуы мүмкін. Осылайша, «Мешіт» бөлмесі еденінің қазіргі деңгейі түпнұсқадан 80 см жоғары көтеріліп, ал «Ғар» тағы бір метрге тереңдей түскен. «Ғар» құдығының (люгінің) қабырғасы жоғары қарай тоғыз қатар қышпен қосымша қаланған. Мұны құдықтың (люктің) жарып көрсетілген кескінінен (2 сурет) оңай анықтауға болады. «Ғар» кіреберісінің алдындағы алаңның қабырғалары тағы тоғыз қатар кірпіш қаланып жоғары көтерілген және төрт жағынан бөренелермен қоршап, нығайтылған. Кіреберіс арканың үстіне де белағаштар орнатылып, сол арқылы жоғарыдан болатын салмақты азайтуға тырысқан» (Тұяқбаев, 2011:42).

«Ғар» үстіне салынған құрылыстардың жасын бұрынғы жүргізілген археологиялық зерттеулерде анықтағанмен, «Ғар» бөлмесінің салынған уақытын анықтау өзекті мәселе болып қала берген еді.

Осы мақсатқа жету үшін 1996 жылы археологтар «Ғар» қабырғасының сыртқы жағынан қазба жұмыстарын жүргізеді. Қазба кезінде қабырға сыртынан топырақ арасынан керамикалық бұйымдардың сынықтары табылған. Табылған заттардың бөліктеріне жасалған сараптама олардың X-XII ғасырларға тән екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «Ғар» қабырғалары қаланған шамамен 24x27 см. көлемдегі

қыштар XI-XII ғасырларда кеңінен қолданылған. Бұл туралы М. Тұяқбаевтың «Археологические исследование в Большом Хильвете» атты мақаласында «Көлемі 24x27; 25x26; 26x26 см. болатын осындай кірпіштер Орта Азияның XI-XII ғғ. көптеген ғұрыптық-мемориалдық құрылыстарынан белгілі. Дәл осындай кірпіштер Қожа Ахмет Ясауи кесенесі I-кезеңінің қабырғаларын салу кезінде пайдаланылған, олар XIV-XV ғасырлар аралығында кесенеге арнайы жасалған II-кезеңнің кірпіштерінен көлемінің кішілігімен ерекшеленеді. Құрылыстың бірінші кезеңінде олар болашақ кесененің аумағына кіретін ескі ғимараттарды бұзып, қабырғалардың төменгі бөліктерін салу үшін пайдаланды. «Қылует» құрылысы I кезеңіндегі кірпіштердің 24 см-ден 27 см-ге дейінгі ауытқуларының себебі осында» («Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры, Ф.б:2).

Сондай-ақ, 1972-1973 жылдары қосымша ғимараттардың тұрғызылуына байланысты қазба жұмыстары жүргізілмеген «Қылуеттің» солтүстік-батыс бөлігіне де археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Дегенмен, ғимараттың бұл бөлігі XVIII-XX ғасырларда салынған қосымша қызметтік бөлік болғандықтан, мамандардың шешімімен тарихи немесе архитектуралық құндылыққа ие емес деп тұжырымдалған.

1999 жылы «Қазқайтажаңғырту» мекемесінің Түркістан филиалы ғимараттың солтүстік – батыс бөлігіне қазба жұмыстарын жүргізеді. Бірақ, бұл жылы тек XIX-XX ғасырларға тән қабаты ғана ашылады.

2000 жылы археологиялық зерттеу жұмыстары қайта жалғасады. Осы зерттеу барысында А.Л. Шмидт макеті бойынша ғимараттың солтүстік-батыс бөлігі XIX ғасырда қайта соғылғанын анықталады.

1996 жылы жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде «Ғар» құрылысының XII ғасырға тән екендігі, 1972-1973 жылдары жүргізілген Т.Н. Сенигованың археологиялық зерттеулері бойынша XIV-XV ғғ. салынған деп қалыптасқан пікірдің асығыс тұжырым екендігі, «Қылует» жерасты мешітінің бірінші кезең деп саналған бөлігі шындығында кейінгі құрылысқа жататындығы дәлелденді.

Қорытынды.

«Қылует» жерасты мешітін археолог ғалымдар түрлі деңгейде зерттегенін көреміз. Аталған зерттеулер мен жазба есептерді саралай келе төмендегідей қорытынды жасауға болады. Т.Н. Сенигова мен Е. Смағұловтардың әр жылдары жүргізген археологиялық зерттеулерінде «Қылует» жерасты мешітінің салыну мерзімі XV-XVIII ғасыр деп көрсетуі XIII-XIV ғасырларда қам кесектен соғылған көне мешіттің үстіне қайта соғылған мешіт екені анықталды. Алғашқы «Қылует»

жерасты мешіті тек екі бөлмеден тұратын ғимарат болған. Олар: «Ғар» үстіне «зікір» салуға арналған дөңгелек бөлме және шаршы формалы михрабы бар мешіт. Уақыт өте келе «Үлкен Қылует» жерасты мешіті қазіргі көлеміне дейін біртіндеп жалғанып кеңейтілген.

XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырларда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің салынуына байланысты бұрынғы қам кесектен салынған «Қылует» бұзылып, орнына күйдірілген қыштан қайта тұрғызылған. Ал, «Ғар» мен шаруашылыққа арналған солтүстік-батыс бөлігіне тиіспеген. Қам кірпіштен салынған осы бөлікке бірнеше мәрте жөндеу жұмыстары жүргізілгендіктен еден деңгейі едәуір өзгеріске ұшыраған.

XVI ғасырдың екінші жартысында Бұқар ханы II Абдулла Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің порталы мен шатырына жөндеу жұмыстарын жүргізгені және монша мен медресе салдырғаны белгілі.

Осы сапарында «Қылует» жерасты мешітінің қам кесектен соғылған солтүстік-батыс қабырғасының жөндеу хәлін (құлап жатуы да мүмкін) көре тұрып жөндеу жұмыстарын жүргізбеуі және жергілікті ірі дін өкілдерінің пікірімен санаспауы мүмкін емес. Сондықтан, «Қылует» жерасты мешітінің солтүстік шаруашылық бөлігі күйдірілген қышпен XVI ғасырдың соңғы ширегінде қаланған деп тұжырымдаймыз.

Қорыта келе, «Қылует» жерасты мешіті алғашқы нұсқада жер астында салынып, кейінгі бірнеше мәрте салыну мен жөндеу жұмыстары әсерінен биіктеп жартылай жерасты мешітіне айналған. «Қылует» жерасты мешіті түркі халықтары арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына жағдай жасаған негізгі орталық ретінде, оның кеңінен таралуына өзіндік ықпалы бар бірегей діни құрылыс.

Әдебиеттер тізімі

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей қоры. 6-к., 8-т., 5-іс, 1-п.

Baitenov E., Tuyakayeva A., Abdrassilova G. Medieval mausoleums of Kazakhstan: Genesis, architectural features, major centres // *Frontiers of Architectural Research*. 2019. №8, 80-93 p.

Cànoves G., Romagosa F., Blanco A., & Priestley G.K. Religious tourism and sacred places in Spain: old practices, new forms of tourism // *International Journal of Tourism Anthropology*. 2012. 2(4), 282–298.

Ислам: Энциклопедический словарь. Москва: Наука: Главная редакция восточной литературы. 1991. 581 с.

Koshim A.G., Sergeyeva A.M., Saparov K.T., Berdibayeva S.K., & Assylbekova A.A. Underground mosques of Mangystau as the objects of religious tourism // *GeoJournal of Tourism and Geosites*. 2020. 34(1). 33–41.

Қазқайтажаңғырту мекемесінің ведомствалық архиві. I том, I кітап.

Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда Яссави в г. Туркестане // *Известия*

Среднеазиатского географического общества. т. 19. 1929. Ташкент. С. 21-68.

Миронов А.М. Организация, научная и практическая деятельность Средазкомстариса // *Известия Средно-Азиатского комитета по делам музеев, охраны памятников старины, Искусства и природы (Средазкомстарис)*. Ташкент: Издание Средазкомстарис. 1926. С. 12-41.

Немцева Н.Б. Археологические раскопки у комплекса Х.А. Ясави // *Известия Академии наук Казахской ССР*. Алматы. 1961. С. 90-102.

Пугаченкова Г.А. О резных деревянных колоннах XIV-XV вв. в г. Туркестане // *Известия АН Казахской ССР*. Серия архитектурная. Вып. 1. 1948. С. 40-53.

Terzidou M., Scarles C., & Saunders M.N. The complexities of religious tourism motivations: Sacred places, vows and visions 2018. // *Annals of Tourism Research*. 2018. №70. P. 54–65.

Тұяқбаев М. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен келешегі». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы. 2011. III том. Б. 42-48.

Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. Алматы: Атамұра. 2000. 189 б.

Сенигова Т.Н. Культовое сооружение около Мавзолея Ходжи Ахмеда Ясеви / *Вопросы археологии южного и западного Казахстана*. Алматы: Наука, 1975. 256 с.

Смагулов Е., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. Алматы: Ғылым, 1999. 324 с.

Умняков И.И. Археологияческая и ремонтно-реставрационная работа Средазкомстариса в 1927 году. *Известия Средно-Азиатского комитета по делам музеев, охраны памятников старины, Искусства и природы (Средазкомстарис)*. Ташкент: Издание Средазкомстарис, 1926. С. 26-41.

КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕШІТТЕРГЕ ҚАРСЫ САЯСАТЫ (1918-1953 жж.)

М.С. Исаев С.Т. Шаметов, Р.Т. Джаппарова

Аннотация. В статье дается определение периодических особенностей последствий советской политики против мусульманских религиозных мечетей и святынь в Казахстане 1918-1953 гг. Кроме того, рассматривается история закрытия, состояние подземной мечети «Хильвет» в районе мавзолея Ходжа Ахмеда Ясави, действия суфиев, тайно сопротивлявшихся против советской политики в борьбы с религией для сохранения народной религиозной традиции и мировоззрения. В качестве источников научной статьи были проанализированы декреты, документы, имеющие юридическую силу, архивные документы и исследовательские работы, являющиеся правовой базой проводимой антирелигиозной политики советского периода. При определении объекта исследования использовались методы сравнения, прогнозирования и анализа, направленные на раскрытие содержания исторических данных и сформулированных фактов. Научное восстановление подлинного образа советской политики в отношении мечетей и святынь исторического периода на основе архивных документов показывает новизну исследовательской работы. Полученные научные результаты дополняют наше историческое познание и покажут подрастающему поколению религиозно-духовную историю нашего народа.

Ключевые слова: советская политика, борьба с религией, исламская религия, суфизм, подземные мечети, святыне места, хильвет.

Кіріспе. Қоғамдағы рухани және саяси жағдайды айқындауда дін мен дінге халықтың көзқарасын қарастыру маңызды орын алады. Дін адамның дүниетанымы мен өмірлік ұстанымын, құндылықтық бағдарын қалыптастыратындықтан дінге қатысты саясат тарихи кезеңдерде түрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Кеңес өкіметінің дінге қарсы жүргізген шектеу, қуғындау саясатына қарамастан халықтың дінге деген сенімі жойылмады. Бұл халық пен діннің бірге екендігін көрсетті. Посткеңестік елдер үшін дін мен мемлекет арақатынасын, діни саясаттың бағыттарын айқындап алу маңызды міндеттердің қатарында болды. Бүгінгі Қазақстан үшін де мемлекеттің дін саясаты өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан, тоталитарлық қоғамдағы кеңестік биліктің діни саясатындағы тәжірибені, оның салдарларын жадымыздан шығаруға болмайды. Сонымен қатар, кеңестік қатаң қысым жағдайындағы халықтың мұсылмандық ата дәстүрін зерттеу өткенімізді танып, сабақтастықты жалғастыруымыз және түрлі теріс діни ағымдарға қарсы тұра білуіміз үшін де маңызды.

Шетелдік тарихнамада кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы мешіттерге қарсы саясат мәселелерін тікелей қарастырған зерттеулер болмағанымен, бірқатар еңбектерде аталған мәселе ішінара талданады. У.Колларз (Колларз,

1961) Кеңес Одағындағы дін мәселесін, У.Флетчер (Флетчер, 1971) мемлекет пен шіркеу арасындағы қатынастарды, Г.Штриккер (Штриккер, 1993) кеңес мемлекетіндегі большевиктердің діни конфессияларға қатысты саясатын қарастырған еңбектері зерттеу мақаламыздың мәселесіне байланысты тарихнамалық әдебиеттерді жүйелеу барысында айрықша назар аудартты. Кеңес мемлекетіндегі мұсылман ұлттық коммунизмі мәселесін зерттеуге арналған А.Беннигсен (Беннигсен, 1983) еңбегін айрықша атап көрсетуге болады. Кеңестік биліктің құрылғанынан Екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі ислам дініне қарсы күрес науқанын айқындап көрсетуге арналған Ш.Келлер (Келлер, 1992) еңбегінің де маңыздылығы жоғары. Сонымен қатар, М.Броуксап (Броуксап, 1987), П.Фроуз (Фроуз, 2005), М.Кемпер (Кемпер, 2009), Е.Тасар (Тасар, 2018) сынды шетелдік зерттеушілердің кеңестік кезеңдегі Орта Азия мен Қазақстандағы діни жағдайға байланысты зерттеулеріндегі сопылық дәстүр, мешіттер мен киелі жерлер тұрғысындағы тұжырымдары мен деректері зерттеу жұмысымызды жазу барысында айрықша қарастырылды.

Кеңестік кезеңде жазылған тарихи зерттеулерде кеңес билігінің исламға, оның ішінде мешіттерге қатысты саясатынан хабар беретін зерттеу еңбектер жоқтың қасы. Дегенмен, кеңес билігінің ислам діні саласындағы саясаты КСРО ыдырағаннан кейін зерттеушілердің назарын аударған өзекті тақырып болды. А.Б.Юнусова (Юнусова, 1999) кеңес билігінің исламға қатысты саясатын Башқұртстан мысалында қарастырса, В.А.Ахмадуллин (Ахмадуллин, 2002) 1917-1945 жж. аралығындағы кеңес өкіметінің мұсылман дініне қарсы саясатын зерттеді. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін кеңестік биліктің діни саясаты шынайы қарастырылып, отандық зерттеушілердің еңбектерінде объективті бағасын ала бастады. Г.Мухтарова (Мухтарова, 1998) 1917-1991 жж. аралығында Қазақстандағы ислам діни жағдайын, А.Тасмағамбетов (Тасмағамбетов, 2007) 1917-1940 жж. аралығында Қазақстанда исламға қатысты саясатты, А.М.Нұрғалиева (Нұрғалиева, 2005) Қазақстандағы мұсылман дініне қатысты XVIII-XIX ғасырлардағы патшалық ресейлік саясаттың ерекшеліктерін және XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы большевиктердің ислам дініне қатысты саясатын өз зерттеулерінде көлемді дерекөздерді талдау негізінде ашып көрсетеді. Сондай-ақ, Н.Д.Нұртазинаның (Нұртазина, 2008) XX ғасырдың 20-40-шы жылдары Қазақстанда ислам дініне қарсы жүргізілген Кеңес өкіметінің саясатын қарастырған еңбегінің ғылыми құндылығы жоғары болды. А.М.Садықованың (Садықова, 2015) 1918-1953 жж. аралығындағы Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясатын зерттеуге арналған диссертациялық жұмысында да Қазақстанда кеңестік кезеңде мешіттердің жабылуы, діни ұйымдар мен дінбасыларды қуғындау және т.б мәселелер тың деректермен қарастырылады. Т.Абдрасилов, Ж.Нұрматов, Қ.Қалдыбай (Abdrasilov and etc., 2021) сынды авторлардың ұжымдық мақаласы да кеңестік кезеңдегі 1922-1991 жж. аралығында сопылықтың тоталитарлық режимге қарсы тұруын дінтанулық тұрғыдан айқындап көрсетуге арналған. Алайда,

ұсынылып отырған хронологиялық мерзімде Кеңестік биліктің Қазақстандағы мешіттерге қарсы саясатына арналып жазылған зерттеулер әзірге кездеспейді. Сондықтан, зерттеуіміздегі ғылыми айналымға еңбеген архив құжаттары негізінде мәселені ашып көрсетуге бағытталған жаңа тұжырымдар зерттеу жұмысымыздың ерекшелігі болып отыр.

Материалдар мен қолданылған ғылыми әдіснамалар. Кеңестік кезеңдегі дінге қарсы жүргізілген саясаттың құқықтық базасы саналатын декреттер, заңды күші бар құжаттар, архив құжаттары мен зерттеу еңбектері ғылыми мақаланың дереккөздері ретінде талданды. Зерттеу нысанын анықтауда тарихи деректер мен тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған гуманитарлық ғылымдар саласында қолданылатын салыстыру, болжам жасау, талдау, аналитикалық сараптау әдістері пайдаланылды.

Нәтижелер. Кеңестік кезеңде кез келген коммунистік идеологиядан тыс түсінік қысымға ұшырады. Бұл тек идеологиялық тартыс күйінде ғана емес әлеуметтік институттарды физикалық жоюмен және оларды қорғаушыларды қуғындаумен жүзеге асырылды. Бұл «саясатты жүзеге асыруда 20-шы жылдардың ортасына дейін Ислам дініне байыппен қарау тән болса, 30-шы жылдары дінге қарсы бүкілодақтық науқан жүргізіліп, аз ұлттардың діни құқықтары» (Нұртазина, 2008: 3) аяусыз тапталды.

Коммунизм түсінігін дамытқан көсемдердің көзқарасымен ХІХ соңы мен ХХ ғасырдың басында қалыптасқан дінге қарсы пікір В.И.Лениннің бастамасымен көтерілгенімен, дінге қарсы күрес И.В.Сталин билікке келген соң бірден бастала қоймады. Елдің ішкі және сыртқы саяси жағдайлары дінмен күресті бірден бастап кетуге мүмкіндік бермеді.

Халық Комиссарлар Кеңесінің 1918 жыл 20 қаңтардағы «Ар-ождан бостандығы, шіркеулік және діни қауымдар туралы» декреті бойынша діни салт ғимараттары мен ондағы заттар діни қауымдастықтардан тартып алынып, жалпы діни сенушілерге ақысыз негізде пайдалануға берілді. Бұл халық арасында ықпалды арттыру үшін жасалған шараның бірі еді. Шын мәнінде, мешіттер мен шіркеулер мемлекет меншігіне өткізілді. Оған дейін шығарылған «Жер туралы» декретте діни ұйымдарға қандай да бір жеке меншікке ие болуға тыйым салынған болатын (Декреты Советской власти, 1957: 372). Сонымен қатар, 1918 жылғы РКФСР Конституциясында діннің мемлекеттен ажыратылуы жарияланды. Сонымен бірге, дін басылар қанаушы тапқа жатқызылып, сайлау құқығынан айырылды. Кеңес өкіметінің ислам діні мен мұсылмандарға қатысты саясаты дінмен күрес саясаты негізінде жүзеге асырылды. Олар халық арасындағы ауқатты санатқа жататын мұсылмандардың ықпалын әлсіретуге тырысты. Мұсылмандарға қарасты мешіт-медреселерді жауып, мұсылман қауымына соққы беруді мақсат етті. Кеңес өкіметімен ымыраластықты ұстанып, оларға ниеттестік танытқан мұсылмандардың бір тобын ар-ождан бостандығының көрінісі ретінде сақтап қалды.

РКФСР Халық Комиссарлар кеңесі 1918 жылы 23 қаңтарда «Діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі туралы» (Кириченко, 1987: 6) декретін қабылдады. Дегенмен, бұл декрет Орта Азияның кейбір республикаларында мүлдем қабылданбай қалды. Мұндай шаралар өзінің жемісін бермеді. Сондықтан, дінге қарсы саясат исламға агрессивті түрде шабуыл жасай бастады (Тасар, 2018: 256). Міне, осындай саясаттың негізінде діни әрекеттерге тыйым салынып, исламдық мектептер мен мешіттер жабылды және оларға зиян келтірілді (Кемпер, 2009: 31).

Өкімет мұнымен тоқтамай, діни мекемелер мен дін басыларға қарсы саясатты жүзеге асырып, жазалау шараларын кеңінен жалғастырды. 1920 жылдардағы үкіметтің арнайы декреттерімен қалың мал, құн төлеу сияқты халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерін терістеп, күшін жойды. БОАК төрағасының 1918-1933 жж. аралығында діни бірлестіктер мен ғибадатханаларға қатысты баянжазбасына сәйкес Қазақ АКСР аумағында 1918-1931 жж. өлкеде 1630 ғибадатхана, олардың ішінде 782 мешіт жабылды. 1931-1933 жж. 8 діни ғимарат жабылды. Комиссия есептеуі бойынша 879, олардың ішінде 499 мешіт әрекет етуді жалғастырды (РФ МА, Р-5263: 69-72)

Дінмен күрес Кеңес үкіметінде авторитарлық режимнің нықтап орнығуынан соң қатаң түрде жүргізілді. XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы зобалаң дінбасылар мен діни ұйымдарды қырғынға ұшыратты.

Фроус өзінің зерттеулерінде 1917 жылға дейін Орта Азияда 20 000 мешіт жұмыс істеген болса, 1929 жылы олардың саны 4 000-ға азайды, ал 1936 жылы Орта Азияда бар болғаны 386 мешіт тіркелгендігін көрсетеді (Фроуз, 2005: 489). Бас аяғы 20 жылдың ішінде көрсеткіш 90 пайызға азайғандығы байқалады. Кейбір деректерге қарағанда, «1929-1939 жылдары Кеңес Одағында жабылған мешіттердің саны 26 000-ға жеткен. Шейхтар, имамдар, дінбасылар секілді бүкіл дін істерімен айналысатын адамдар қуғын көрді, жер аударылды, кейбіреулері өлтірілді. Зиярат ететін орындар, әйгілі қасиетті жерлер тартып алынды, қажылыққа баруға тыйым салынды, Исламдық құлшылық, әдет-ғұрыптары (намаз, ораза, зекет және діни мейрамдар) орындау өте қауіпті жағдайға айналды» (Sovyet Rusya'da Bugünkü İslamiyet, 1963: 7).

Келлер, Орта Азиядағы жергілікті деректер негізінде 1936 жылы тіркелмеген құлшылық орындарының тізімін жасады (Фроуз, 2005: 493). Оның мәліметтері бойынша қалалық және ауылдық жерлерде тіркелмеген намаз оқитын орындардың, жерасты мешіттерінің саны әдәуір көп болғанын көруге болады. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде бұл көрсеткіштің одан да артқандығын болжауға болады.

1 кесте. Құлшылық үйлері (1936 жылғы көрсеткіштер)

	1917 жылға дейін	Жабылғаны	Ашылғаны	Тіркелгені	Тіркелмегені
Жалпы	9	6 160	3 590	386	2 583

(ауылдық округтерде)	720				
Қалалық жерлерде жалпы	10 489	6 544	3 724	686	2 588

Келлер жүргізген зерттеуге сәйкес, шамамен 2500 жерасты мешіттері Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін жұмыс істеген (Фроуз, 2005: 493). Оның айтуынша, тіркелмеген мешіттердің, жерасты мешіттерінің қалада да, ауылды жерлерде де артуы исламды сақтаудың бір жолы болды. Кеңес өкіметінің тынымсыз қуғын-сүргіні сопылық бауырластықтарды біріктіріп, жамағат намазын бірге оқу үшін жерасты мешіттерін салуға алып келді. Сонымен қатар, мешіттер намаз оқу орны қызметімен бірге неке қию, сүндетке отырғызу, жерлеу сияқты қызметтер атқарды (Беннигсен, 1988: 771). Сондықтан, бейресми мешіттер, жерасты мешіттері дәстүрлі исламды қорғап, сақтауда айтарлықтай рөл атқарды. Бұл жағдайды Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдардағы КСРО Министрлер кеңесіне бағынышты Қазақстан бойынша Діни салттар ісі бойынша өкілінің құпия грифімен сақталған архив құжаттарында «... қалыптасқан жағдайға байланысты діни рәсімдерді орындау жеке киіз үйлерде немесе ашық аспан астында жүргізіліп, бұл қалыпты үрдіске айнала бастады. Сондықтан, мешіттерге және басқа да діни ғимараттарға деген қажеттілік жоқ деп есептеуге болады. Осы жағдайды ескере отырып мешіті жоқ діни қауымдастықтар мен молдаларды ресми тіркеудің қажеті жоқ. Оларды тіркеу оң нәтиже бермейді. Керісінше, Қазақстанның барлық аудандарында «кезбе» («бродящие») молдалар мен қауымдастықтардың артуына алып келеді» (РФ МА, Р-6991: 30) деген ұсыныс хатынан да байқауға болады.

1926 жылғы РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің «Дінге қарсы үгіт-насихат жұмысы туралы» резолюциясында діннің таптық мәні ашып көрсетіліп, мұсылман діни қозғалысының әлеуметтік мәні жағынан кеңес өкіметіне қарсы сипаты атап өтілді. Резолюцияға сәйкес Қазақстанда мұхтасибат институттарын жауып, қайта құрылуына жол бермеу ұсынылды. Билік органдары діни қызметкерлердің қызметін қатаң бақылауға алып, діни жиналыс, съезд, мешіттердің салынуы билік органдарының арнайы рұқсатымен жүзеге асырылды. Жергілікті органдар орталық мекемелерге діни өмірге қатысты ақпарат беріп отырды (Садықова, 2015: 105).

1930 жылдары колхоздардың ұйымдастырылуынан кейін жер мен мешіттер олардың қарауына берілді. Мәселен «Оңтүстік Қазақстан облысында революцияға дейін 490 мешіт жұмыс істеген болса, осы декреттен кейін облыс колхоздары бұрынғы 160 мешітті қоймаға, 27 мешітті тұрғын үйге, 32 мешітті мәдени ағарту үйіне айналдырды. Кейбір аудандарда барлық мешіттерді жойып жіберді: Мысалы, Түркістан ауданында революцияға дейін (1917 ж. дейін) 98 мешіт жұмыс істеген болса, 43 мешіт, Сайрам

ауданында 143 мешіт болған болса, соғыстан кейін 33 мешіт ғана қалды» (РФ МА, Р-6991: 9).

Соғыс басталысымен дінге көзқарас өзгерді. Оның себебі, діни ұйымдардың барлық бағыттарын соғысқа жұмылдыру және діни ұйымдардың қолдауын табуда жатқан еді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанда ешқандай рұқсатсыз барлық аудандарда мешіттер қайта ашыла бастады. Мәселен, «Түркістан ауданында – 11, Сайрам ауданында - 9, Шымкентте – 8 мешіт рұқсатсыз жұмыс істеді (РФ МА, Р-6991: 2). Дегенмен, 1943 жылы Кеңес өкіметінің дін саясаты өзгергеніне қарамастан, заңнамалық-құқықтық база өзгерген жоқ. 1936 жылы 5 желтоқсанда қабылданған КСРО Конституциясы мен 1929 жылы 8 сәуірде қабылданған РКФСР БОАК және ХКК қабылдаған «Діни ұйымдар туралы» Қаулы заң базасын құрады. (Бөдеев, Сактаганова, 2018: 56)

Соғыстан кейін дінмен күрес қайта қолға алынды. «1946 жылдан 1948 жылға дейін Қазақстанда 68-ге жуық мешіт қайта жабылды» (РФ МА, Р-6991, 2).

КСРО Министрлер кеңесіне бағынышты Қазақстан бойынша Діни салттар ісі бойынша өкілінің 1948 жылғы 4 кварталдағы есебі бойынша Қазақстанда бар болғаны 22 тіркелген мешіт жұмыс істеді (РФ МА, Р-6991, 7). Бұл көрсеткіш күн санап қысқара берді. Қалалық және ауылдық жерлерден халықтың мешіт ашу туралы көптеген өтініштері қанағаттандырылмады. Нәтижесінде, 1950 жылы 20 тіркелген мешіт жұмыс істеді, олардың 16 қалалық жерлерде, ал 4 ауылдық жерлерде (РФ МА, Р-6991: 289) болып қысқарды.

Қазақстандағы кез келген мешітке жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүргізуге қатаң тиым салынды. Жөндеу жұмыстары тек Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары рухани басқармасының рұқсаты негізінде жүргізілуі керек болды. «Әрбір мешітте жергілікті кеңес уәкілетті өкілінің тіркеу туралы анықтамасы, Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары рухани басқармасының берген куәлігі бар молдалар жұмыс атқаруы керек болды. Молдалардан басқа әрбір мешітте муеззиндер қызмет атқарды (РФ МА, Р-6991: 7).

Соғыстан кейінгі жылдары «тіркелген молдалардың айлық жалақысы 500 рубль, молда көмекшілерінің айлығы 400 рубль көлемінде белгіленді және олар сенім білдіретін халықтан мешітке түскен қаржы есебінен төленді, сонымен қатар молдалар өздері тіркелген мешіттен тыс жерде уағыз жасауға, басқа да діни рәсімдермен айналысуға тиым салынды» (РФ МА, Р-6991: 217). Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанда дінмен күрес 30-шы жылдардағыдай діни ұйымдар мен дінбасыларды қатаң қуғындаумен жалғаспағанымен, халықты діни түсінігі мен дәстүрінен ажырату саясаты негізінде жүзеге асырылды деп тұжырымдауға болады.

Кеңестік дінмен күрес саясатының нысаны ретінде сопылық жерасты мешіттері мен киелі жерлер. Діни сенім қиын кезеңде бейресми негізде исламдық сопылық бауырластық кеңестік идеологияға жат ағым,

секта ретінде танылып қатаң қудалауға ұшырады. Дінге қарсы науқаннан аман қалу үшін сопылық қауымдастықтар шайхана және жерасты мешіттері кейпінде дәстүрді сақтап қалуға тырысты (Броуксап, 1987: 288). Беннигсен, мұндай жерасты мешіттері мен алаңдарды сопылық бауырластықтар басқарды деп есептейді (Беннигсен, 1988: 776). Сонымен қатар, сопылық бауырластықтар ресми ислам институтының өкілі ретінде әрекет етіп, жекелеген медреселер желісін қолдады және мыңдаған қасиетті жерлердің қасында орналасқан «кұлшылық орындарын» (сопы шайхтарының қабірлері) астыртын басқарып отырды деп жазады. Бұл туралы Тасар (Тасар, 2018: 260) 1943-1944 жылдар аралығында Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Сталиндік биліктің исламға қатысты қатаң бақылауды жеңілдетуі исламдық әрекеттердің артуына мүмкіндік берді. Мейірімді діни саясат негізінде, жерасты мешіттерінің саны көбейді деген тұжырым жасайды.

Сопылық бауырластықтар Ислам дінін сақтаудың бір жолы ретінде жерасты мешіттерін қамтамасыз етіп отырды. Дегенмен, қатаң режим саясаты тұсында мұндай жерасты мешіттерінің қай жерде және қаншасы жұмыс істегенін білуіміз қиын.

Әрбір мешіт, қасиетті жер, жерасты мешіті Қазақстан мұсылмандарының ынтымағы мен бірлігін нығайтуға, адамдарды өзара жақындастыруға, сонымен қатар, дәстүрлі исламдық түсінікті сақтауда айрықша рөл атқарғандығын мойындауымыз қажет. Дегенмен, Кеңес үкіметі киелі жерлерді жоюды мақсат етіп, әулиелердің бейіттері, молаларын бұзуға тырысты. Өйткені, белгілі шайхтардың бейіттері, кесенелері дәстүрлі ислам дінін үйрету мен уағыздау орны екендігін жақсы түсінді. Мұның астарында киелі жерлерді жою арқылы халықтың дәстүрлі діни түсінгін жою себебі жатқандығын аңғаруымыз керек. Алайда, мұсылмандардың мұндай мазарларға баруы кеңестік сойқан саясаттың шабуылынан қорғану үшін екендігі анық. Террор мен репрессия жағдайында әбден тозығы жеткен кесенелер мен бейіттер оларды тексерушілердің назарын аудармайтын еді. «Киелі жерлер мен бейіт басына мұсылмандар тек өздерінің қауіпсіздігі үшін емес, сонымен қатар, рухани қажеттіліктерін толықтыру үшін баратын болды» (Беннигсен, 1988: 776).

Бұл туралы архив құжаттарындағы «Қазіргі уақытта Қазақ ССР-де бірнеше архитектура ескерткіші бар. Олар: «Арслан баб», «Абдул Азиз баб», «Исхан баб», «Ибрагим ата», «Қожа Ахмет Ясауи», «Айша бибі», «Бабажан хатун», «Қарахан» және т.б. Бұл ескерткіштер сенушілер (мұсылмандар) үшін киелі жерлер саналады және осы жерлерге көптеп барылады. Олар мұнда келіп жерге отырып, діни Құран өлеңдерін (аяттарын И.М) оқиды, қарауылға ақша қалдырады, егер қарауыл болмаса сол жерлерде жасалған қазандарға салып кетеді. Жоғарыда аталған жерлерден басқа да көптеген жанама тізімдегі жерлер бар. Олардың басында мазар немесе басқа белгі боларлық ештеңе қалмаған. Кейбірінің тек атауы ғана сақталған» (РФ МА, Р-6991: 18) деген мәліметтерден анық көруге болады.

Меккеге жасалатын қажылыққа тиым салынғаннан кейін мұндай киелі жерлер қажылық сапарды алмастырудың жолы еді. Сондай-ақ, Беннигсен, кесенелер мен мазарлар басына мұсылмандар діни дәстүрлерді орындау, зікір ету мен құлшылық жасау үшін келді деп тұжырымдайды. Шын мәнінде, киелі жерлерге халық өзінің діни сенімін нығайтып, жүректеріне тыныштық беретін рухани күш алу үшін барды (Беннигсен, 1983: 83). Бір сөзбен айтқанда, киелі жерлер рухани және исламдық сенімнің орталығы қызметін атқарды.

Сондықтан, мұсылмандар ислам дініне деген сенімдерін сақтай отырып, кесенелер мен мешіттерді ресторан немесе музей жағдайына келтіруге өздерінің қарсылықтарын білдірді (Беннигсен, 1983: 83). Бұл имамдардың киелі жерлер мен кесенелерге зиярат жасауға халықты тарта отырып, сопылық құралдар арқылы олардың ішкі дүниесіне әсер етуге талпынғандығын білдіреді. Осылайша, халықтың діни және рухани сенімдеріндегі ерекшеліктер негізінде қуғын-сүргінге қарамастан дәстүрлі исламды сақтап, қатарларын көбейте алды.

Киелі жерлерге зиярат жасау діни және сопылық ғұрыптарының бірі және мұндай дәстүр Орта Азияда бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Тасар (Tasar, 2018: 257) кеңестік діни қуғындау саясаты исламдық рәсімдерді орындауға кері әсер етіп қойғандығына қарамастан, керісінше сопылық бауырластықтар арасында жетілудің орын алғаны байқалғандығын жазады. КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге арнайы өкілдің (КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі кеңесі қызметкерінің) Қазақ және Қырғыз ССР-не жасаған іс-сапары бойынша 1951 жыл 9 маусымдағы есеп беру баяндамасында «... мазарлар мен «киелі жерлерге» зиярат ету айрықша маңызды орында. Бір ғана Оңтүстік Қазақстан облысында олардың саны 60-тан асып кетеді (РФ МА, Р-6991: 21) деп жазады. Сонымен қатар, «Шымкент қаласында Баба дервиштің құлап қалған мазары қайта қалпына келтірілген және оған зиярат етушілер көбейген. Мазарда Рустем Хоста шейх өмір сүреді. Мазарды қалпына келтіруге тіркелген мешіт басқармасы ешқандай қатысымыз жоқ деп отыр» (Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФ МА). Р-6991-к., 3-т., 350-іс, 260-п.) деген мәлімет бар. Келтірілген мәлімет бойынша киелі жерлер қатарына жататын жерлерді халық өз күшімен қайта қалпына келтіріп, сопылық бауырластықтардың дінмен күреске қарсы жасаған әрекеттері көрініс табады.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы «Қылу» жерасты мешітінің кеңестік кезеңде жабылуы. Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасыр тұсында сопылық ілім қарапайым халық қана емес ірі дін өкілдері мен билеуші топ өкілдері де мойындап, ислам діни түркі халықтары арасында таралуы мен орнығуына үлкен әсер етті. Ал, йассауи сопылық дәстүрінің қасиетті белгісі саналатын ортағасырға тиесілі «Қылу» жерасты мешіті кешен ретінде әлі күнге дейін ерекше рухани тәрбиелік мәнге ие.

«1868 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңында 20 үлкен мешіт және 100 отбасы (немесе бірлестік И.М) (Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанатын) жұмыс істесе, 1912 жылы Түркістан қаласындағы мешіттер саны 40 артып, Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанушылар 100 отбасыдан бірнеше есе кеміп кетті. Ал, олар Қожа Ахмет Ясауидің идеяларын тарататын «Кәландарларға» (Каляндаристы – архив құжатында осылай берілген) айналды» (РФ МА, Р-6991: 129) деген мәліметтер архив құжаттарында кездеседі.

М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары» кітабында түрлі деңгейде «Қылует» мешіттерінің міндетін атқарған «Кіші Қылует», «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіті құрылыстарының қалдығы осы күнге дейін сақталғандығын, соңғы жылдары «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіттері қайта қалпына келтіргендігін, «Кіші Қылует», «Үлкен Қылует» сияқты тарихи орындардың 1942 жылы бұзылып, кірпіштері Түркістан қаласындағы май зауытын салуға жұмсалғандығын жазады (Тұяқбаев, 2000: 42). Дегенмен, қылышынан қан тамып тұрған кеңестік кезеңде «Қылует» жерасты мешіті сопылар тарапынан қайта қалпына келтіріліп, жұмыс жасағандығы туралы деректер ғылыми әдебиеттерде кездеспейді. Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі уәкілеттігінің аға инспекторы П.Галихайдаровтың 1948 жыл 20 қыркүйектегі баянжазбасында «Қылует» жерасты мешіті 1932-1933 жылдары бұзылды (РФ МА, Р-6991: 132) деген дерек келтіріледі. Бұл «Қылует» жерасты мешітінің кеңестік кезеңдегі алғашқы рет бұзылуы болды.

«Қылует» мешітін екінші рет жабу туралы мәселе 1947 жылы қайта көтеріле бастады. КСРО Министрлер кеңесіне бағынышты Қазақстан бойынша Діни салттар ісі өкілінің (Н.Сабитов) 1947 жылғы 2 кварталдағы есебіндегі «Түркістан қаласындағы «Қылует-ханаға» (Қожа Ахмет Ясауидің оңаша қалатын орны) қожалар жиналатындығы және «зікір» (құдайға құлшылық ету) салатындығы, бұл туралы Кеңеске (Қазақстан бойынша Діни культтер ісі бойынша өкілі) және Рухани басқармаға (Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы) олардың көзқарасын білу үшін жолданды» (РФ МА, Р-6991: 201), - деген мәліметтерден «Қылует» мешіті мен осы жерде жасалатын мұсылмандық-сопылық рәсімдерді тоқтату шаралары басталады.

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге Қазақстан бойынша Діни салттар ісі бойынша өкілінің 1947 жыл 13 қыркүйекте жазған құпия хатында «Түркістан қаласындағы (Оңтүстік Қазақстан облысы) дінге сенушілер Қожа Ахмет Ясауи мешітінен 150-200 метр аралығында орналасқан мешітте құдайға құлшылық жасайды. Мешіттің жанында (20 метр аралығында), құдайға құлшылық жасайтын жерде Қожа Ахмет Ясауидің «Қылует хана» (оңашалану орны) деп аталатын тереңдігі 1,5 метрлік шұқыр бар. Қазіргі кезде жергілікті молда С.Фахрутдиновтың бастамасымен «Қылует-хана» шұқырының үстіне кішігірім құрылыс ғимараты салынған. Осы жерде әр жұмада қажылар

жиналып, «зікір» салады. Ал, «зікір» мұсылмандарда құдайға құлшылық етудің ажырамас бөлшегі емес екендігі белгілі (Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары басқармасының шешімі осылай болған И.М). Мұндай рәсімді өткізудің мақсаты Қожа Ахмет Ясауи атымен қожалардың шығарып алғаны. Осы жағдайға әкімшілік тәртіпте тыйым салу үшін Сіздің тапсырмаңызды күтеміз» (РФ МА, Р-6991: 76), - деп жазады.

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге және Қазақ ССР Діни салттар ісі уәкілетті өкілі Н.Сабитовке Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі уәкілеттігінің аға инспекторының 1948 жыл 20 қыркүйектегі баянжазбасында (1 және 2 кестелер) «Үлкен Қылует» жерасты мешітінің жағдайы былай сипатталады: «Оңтүстік Қазақстан облысында мазарларды киелі санау анық көрінеді. Мұндай жерлер бұл облыста көп сақталған. Түркістан қаласындағы белгілі Қожа Ахмет Ясауи қабірі маңында (150-200 метр аралығында) молдалар тарапынан реставрация жасалған Хилват-Магара (қазіргі «Үлкен Қылует» жерасты мешіті И.М.) орналасқан. Реставрация жасалған деп жазып отырғаным, жергілікті рухани басқарма айтуынша, бұрынғы бұзылған «Хилват-Магара» дәл осы жерде орналасқан. Бұрынғы Хилват-Магара күмбез тәрізді ғимарат болған. Оның ішкі қабырғаларының бірінде кішкене бөлмеге алып баратын есік болған. Осы бөлменің еденінде жерасты бөлмесіне алып баратын тесік бар. Бұл жер, рухани басқарманың сенімінше, Ахмет Ясауи 63 жастан кейінгі өмірін осында өткізген орын. Бұл магараға революцияға дейін ешкімді кіргізбеген. Дегенмен, оқшауланудың, Қылуетке түсудің тәртібі жеті күннен қырық күнге дейін екендігі жақсы сақталған. Мұндай өз еркімен азап шегу, рухани басқарма айтуынша, барлық күнадан тазартып, Ахмет Ясауи магарасының маңыздылығын арттыра түседі. Түркістан қаласында мешіттер жабылғаннан (1932-1933 жж.) кейін Қылует ғимараты бұзылып, кірпіштері тасылып әкетілді және магара топырақпен көмілді. Ал, қазіргі уақытта молдалар мешіт ашылғаннан кейін мешіт ауласында 10x7 м көлеміндегі екі бөлмеден тұратын жартылай жерасты ғимаратын салып алды. Олардың бірін (алдыңғысын) Қылует деп атайды, ал екінші (ішкі бөлмесі) бөлмесінде жерасты бөлмесін жасап, оны магара деп атайды. Молдалардың өздері Қылует ғимараты бұзылғаннан кейін құландылардың астында қалған магараның нақ өзі деп айтады. Дегенмен, олар Қылует пен Магараны 1945-1946 жылы салынған қалалық мешіттің ауласында қайта қалпына келтірген. Қалай болғанда да, мұсылман молдалар мешітке келуші зияратшыларды көбейту үшін «Қылует-Магараны» қайта салған. Қазіргі уақытта Қылует-Магара әрқашан құлыппен жабылған күйде тұрады. Оның кілті сол жерде өмір сүретін Айтпай пірадарда. Мешіт имамы Диханбаев Ибрагим «Қылует-Магараны» келіп көрушілер көп болады ма? деген сұрағыма «өте аз» деп жауап берді. Бірақ, жабық тұрған Қылует-Магараны ашып көрсеткен Айтпай пірадар имам жоқ кезде зиярат етушілер, әсіресе, қыс мезгілінде Өзбекстан, Қырғызстан сынды елдерден көп болатындығын айтты (РФ МА, Р-6991: 132).

Кесте 1. Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі уәкілеттігіннің аға инспекторы П.Галихайдаровтың 1948 жыл 20 қыркүйектегі баянжазбасындағы «Қылу» жерасты мешіті туралы мәлімет

«Таких мест в области еще сохранилось не мало. Помимо известной гробницы Ходжа-Ахмет-Ясави в г. Туркестане муллами реставрирован Хильвет-Магара, находящийся в близи гробницы Ходжа-Ахмет-Ясави /на расстоянии 150-200 метров/. Я пишу реставрированопотому, что местное духовенство заявляет, что прежний Хильвет-Магара, который разрушился, находился именно здесь. Прежний Хильвет-Магар представлял из себя куполообразное здание. На одной внутренней стене, которого имелось дверь, ведущая в небольшую комнату, на полу которой имелось отверстие, ведущее в подземную комнату, где по уверению мусульманского духовенства, якобы провел всю оставшую жизнь после 63 летнего возраста Ахмет-Ясави.»

Кесте 2. Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі уәкілеттігіннің аға инспекторының 1948 жыл 20 қыркүйектегі баянжазбасындағы «Қылу» жерасты мешіті туралы мәлімет.

«...я давало большие доходы духовенству. Сейчас выясняется, что после того как в г. Туркестана закрылись все мечети /1932-33г. Здание Хильвет разрушилось и кирпичи здания были развезены, а магара была засыпана землю. Тепер после открытия мечети муллы во дворе мечети построили полуподвальное здание состоящее на двух комнат размером 10x7 м. и одну из них /переднюю называют Хильвет, а во второй /внутренней/ комнате сделали подземную комнату, которую называют магарой. Сами муллы заявляют, что если и есть та магара / которая осталась под развалиной, когда разрушилось здание Хильвета. Но вполне полагать, что они и Хильват и Магару создали внов во дворе отстроенной в 1945-46 гг. Мечети. Как бы не было мусульманские муллы для привлечения к мечети больше полонников-возрадили оставшуюся под землей Хильвет-Магару. Хильвет-Магара сейчас постоянно находится под замком и ключ находится у вышеуказанного постоянно проживающего там Айтбай – пирадра. Имам мечети Диханбаев Ибрагим на мой вопрос много-ли бывает посещающих Хильвет-Магара ответил, что очень мало. Айтбай –пирадар, который мне открывал запертую Хильвет-Магару в отсутствие Имама, говорил, что полонников бывает много, особенно в зимнее время и из Узбекистана и из Киргизи.»

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге Қазақ және Қырғыз ССР-не арнайы іс-сапарға жіберілген арнайы өкілдің (КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни культтер ісі кеңесі қызметкерінің) 1951 жыл 9 маусымдағы құпия грифімен сақталған есеп беру баяндамасында «Қожа Ахмет Ясауи мешіті жанында жерді қазып жасаған «қылу» бар, мұнда сенушілер өз қалауларымен белгілі

бір мерзім Құран оқу үшін оңаша қалады. Бұрынырақта бұл жерастында Ахмет Ясауи өмір сүрген. Бұл мазар Архитектура басқармасы қарауында. Ахмет Ясауи қабіріне әлі күнге дейін тек Түркістан мен оның маңындағы аудандардан зиярат етушілер ғана емес, Өзбекстаннан да келушілер бар. Осы зиярат етушілерден мазар қызметкерлеріне маңызды көлемде кіріс түсіретіндігі көрінді» (РФ МА, Р-6991: 282) деген мәлімет келтіреді. Яғни, 1945-1946 жылдары қайта қалпына келтірілген «Үлкен Қылует» жерасты мешіті 1955 жылға дейін құпия жағдайда жұмыс істеп, оған келушілердің саны арта түсті.

Міне, осы есеп беру баяндамасында арнайы өкіл «... тіркелген діни қауымдастықтардан басқа, мазарлар маңын (киелі жерлер) қатаң бақылауға алу керек» (Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФ МА). Р-6991-к., 3-т., 350-іс, 283-п.) деген ұсыныс білдіреді. Дегенмен, бұл ұсыныс бойынша «Қылует» жерасты мешітін жабу туралы мәселе ары қарай қолға алынбай қалғанымен, діни салттар бойынша жергілікті жауапты өкілдер назарынан бір сәтте қараусыз қалған жоқ.

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша діни қозғалыстардың жағдайы мен дін қызметкерлері іс-әрекеті туралы 1953 жыл екінші кварталдағы Оңтүстік Қазақстан ОблАтКом Діни салт істері бойынша кеңесі уәкілі А.Поспеловтың құпия ақпараттық есебінде «Қылует» мешітін жабу мәселесі қайта көтеріледі. Аталған есепте «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы мешітті («Үлкен Қылует» жерасты мешітін И.М.) Борисовка елді мекеніне немесе алыстау аймаққа көшіру дінге сенушілердің мазарға көптеп келуін азайтып, зиярат дәстүрі маңызының жойылуына алып келер еді» (РФ МА, Р-6991: 21) деген ұсыныс айтылады

Бұл ұсыныс аталған мешітті жабу туралы өтініш ретінде тиісті жерлерге жіберіледі. Дегенмен, «Қылует» мешіті имамдары арасында аталған мешітті көшіру мәселесіндегі көзқарас екіге бөлініп, қарсы болғандар да көптеп кездесті. Алайда, қарсылықтарға қарамастан 1955 жылы Түркістан қаласындағы жұмыс істеп тұрған «Қылует» мешітін көшіру үшін Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 4 км жерден жер бөлініп, сол кездегі мемлекеттік тіркеудегі бір ғана мешіт сол жерге көшірілді (РФ МА, Р-6991: 41).

«Қылует» мешітін көшірудің мақсаты Қазақ ССР Министрлер кеңесі Діни салттар ісі бойынша кеңестің уәкілі Б.Жумашевтың Оңтүстік Қазақстан ОблАтКом Діни салт істері бойынша кеңес уәкілі А.Поспеловқа 1955 жылы 2 шілдеде жазған құпия хатында анық көрініс табады: «Түркістан қаласындағы жұмыс істеп тұрған Қылует мешітін көшіру үшін Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 4 км жерден жер бөлінді. Осы жағдайды ескере отырып, мына мәселелерді тереңнен зерттеп анықтауыңызды сұраймын: Жұмыс жасап тұрған «Қылует» мешіттің жұмысын тоқтатқаннан кейін 4 км жердегі салынып жатқан жаңа мешітке ескі мешіттің материалдарын құрылыс материалдары ретінде пайдалануға және діни қауымдастық өкілдері мешітті ауыстыруға жай ғана келісім бере салады ма? Өзіңіз білесіз, "Қылует" жай ғана құрылыс емес, ол жерастына қарай қазылған маңызды жер. Ал, дінге

сенушілер «Қылует» мешітінің құрылысын емес, «Қылуетті» (жерасты бөлмесін) киелі санайды. Ораза айт, Құрбан айт мейрамынан кейін дінге сенушілер бұрынғыдай Ахмет Ясауи мазарына зиярат етуін тоқтатпайды. Олардың мазарға зиярат етуін тоқтату үшін қандай шаралар қолдануға болатындығын анықтап көріңіз (РФ МА, Р-6991: 41). Нәтижесінде, түркі-ислам ата дәстүрі мен діни дүниетанымының орталығы болып келген мешіт кеңестік сұрқия саясаттың негізінде жабылды. Дегенмен, кеңестік қызыл науқан кезеңінде де Қазақстандағы жерасты мешіттері халық арасында сопылықтың кеңінен және табыспен таралуына, діни дәстүрдің сақталуына жағдай жасаған негізгі орталықтар ретінде өзіндік ықпалы болды дей аламыз.

Қорытынды. Бұл зерттеуде кеңестік кезеңде Қазақстандағы мешіттерді жабу және киелі жерлерді қирату арқылы исламға жасалған қарсы саясат пен ресми бақылау, қуғын-сүргінге талдау жасалды. Халықтың ішіндегі ислам дінінің шын жанашырлары кеңестік билікке қарсы бейбіт қарсыласу жолымен мұсылмандық діни дәстүрін жасырын түрде киелі жерлер мен жерасты мешіттерінде, шайханаларда дінді таратумен ауқымды астыртын қозғалысты жүргізгендігі анықталды. Белгілі сопылық ілімді таратқан шайхтардың ізі қалған киелі жерлердегі ғимараттарды ерікті түрде халықтың күшімен қалпына келтірудің мысалы ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа қасиетті орын саналып келген «Қылует» жерасты мешітінің қилы тарихы негізінде танытуға талпыныс жасалды. Қарапайым халық үшін жерасты мешіттері, киелі жерлер дәстүрлі рухани орталықтарға айналды және кеңестік қатаң қысымға қарамастан ислам дінінің өмір сүруіне де, гүлденуіне де өзіндік септігін тигізді. Осылайша, халық мұсылмандық болмысы мен мәдениетінің өмір сүруін жалғастыра алды.

Әдебиеттер тізімі

Колларз У. Кеңес Одағында дін (Religion in the Soviet Union). Лондон: Нью-Йорк. 1961. 518 б.

Флетчер У. Орыс ортодоксальды жерасты шіркеулері. 1917-1970. (The Russian Orthodox Church underground. 1917-1970). Лондон: Оксфорд университеті баспасы, 1971. 324 б.

Штриккер Г. Рубландтағы дін: тарих пен қазіргі заман туралы. (Religion in Rubland: Darstellung und Daten zu Geschichte und Gegenwart). Кельн, 1993. 420 б.

Беннигсен А. КСРО-да суфизм: кеңестік деректер библиографиясы. (Sufism in the USSR: A Bibliography of Soviet Sources) // Орта Азиялық зерттеулер, 1983, №2(4), Б.81-107.

Келлер Ш. Кеңестік Орта Азияда ислам, 1917-1930: кеңестік саясат және бақылау үшін күрес. (Islam in Soviet Central Asia, 1917-1930: Soviet Policy and the Struggle for Control). // Орта Азиялық зерттеулер, 1992. №11(1), Б.25-50.

Броуксап М. Горбачевқа дейінгі Орта Азияда ислам. (Islam in Central Asia Since Gorbachev) // Азия істері, 1987. №18(3), Б.283-293.

Фроуз П. Мен атеист және мұсылманмын: Ислам, коммунизм және идеологиялық бәсеке. (I am an Atheist and a Muslim: Islam, Communism and Ideological Competition // Мемлекет және дін журналы. 2005. №47(3), Б.473-501.

Кемпер М. Исламның шығу тегі мен таптық сипаты туралы кеңестік дискурс, 1923-1933. (The Soviet Discourse on the Origin and Class Character of Islam, 1923-1933). // Ислам әлемі. 2009. №49(1), Б.1-48.

Тасар Е. Кеңестік кезеңдегі сопылық: Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Орталық Азияның қоғамдық-саяси ландшафтындағы киелі адамдар мен орындар. (Sufism on the Soviet stage: Holy people and Places in Central Asia's Socio-Political Landscape after World War II) / Орта Азияда сопылық. Ред. Девин Девис, Жо-Анн Гросс. Boston: Brill. 2018. Б.256-283.

Юнусова А.Б. Ислам в Башкортстане. Уфа: Уфимский полиграфкомбинат, 1999. 352 с.

Ахмадуллин В.А. Политика советского государства по отношению мусульманской религии в 1917-1945 гг.: дисс. ... канд. ист. наук. Москва, 2002. 241 с.

Мухтарова Г. Ислам в советском Казахстане (1917-1991 годы): дисс. ... канд. ист. наук. Уральск, 1998. 220 с.

Тасмагамбетов А.С. Политика советской власти в Казахстане в отношении ислама в 1917-1940 гг.: дисс. ... канд. ист. наук. Уральск, 2007. 281 с.

Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 224 с.

Нұртазина Н.Д. Борьба с исламом. Религиозная политика Советской власти в Казахстане в 20-40-е годы XX века. Алматы: Қазақ университеті, 2008. 36 с.

Садықова А.М. Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты (1918-1953 жж.). фил. докт. (PhD) дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. Алматы. 2015. 201 б.

Абдрасилов Т., Нұрматов Ж., Қалдыбай Қ. Кеңестік кезеңдегі (1922-1991) сопылықтың режимге қарсылығын шолу. (An Examination Of Sufism's Resistance Against The Regime In The Soviet Period (1922-1991)). // Түрік мәдениеті және Қажы Бекташ Вели журналы. 2021. №98. Б.65-76

Декреты Советской власти. Москва: Госполитиздат, 1957. Т.1. 640 с.

Кириченко М. Государство и церковь. К истории ленинского декрета // Наука и религия. 1987. №4. С.28-38

Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві (РФ МА). Р-5263-қ., 1-т., 32-іс, 69-72 п.

Кеңестік Ресейде бүгінгі ислам діні (Islam today in the Soviet Union). Дайынд. Абдурахман әл-Шешни. Мюнхен: Библиос, 1963. 347 б.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 348-іс, 30-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 9-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 2-п.

Бөдеев К.Т., Сактаганова З.Г. Кеңес дәуіріндегі діни ұйымдардың құқықтық жағдайы (ЧЧ ғ. 40-шы жылдары. // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». 2018. №2(90). Б. 56-61

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 2-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 7-п.,

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 289-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 7-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 348-іс, 217-п.

Беннигсен А. Кеңестік ислам әлеміндегі толқулар. (Unrest in the World of Soviet Islam). // Үшінші дүниежүзілік тоқсандық, 1988. №10(2), Б.770-786. Р.776

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 349-іс, 18-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 21-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 419-іс, 129-п.

Тұяқбаев М. Түркістан сырлары. Алматы: Атамұра. 2000. 61 б.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 132-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 348-іс, 201-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 41-іс, 76-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 132-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 350-іс, 282-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 414-іс, 21-п.

РФ МА. Р-6991-қ., 3-т., 415-іс, 41-п.

ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР

Х.М.Түрсүн, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев

Кіріспе. Адамзат тарихында діндердің пайда болып, қоғамдық өмірге елеулі ықпал ете бастағаннан бастап әртүрлі діни мінәжет орындары салына бастады. Оларды географиялық ортаның табиғатына, халықтың тұрмыс тіршілігі мен өмір салтына байланысты жерүстіне, жарқабақтарға және жерастына орналасуына қарай топтастырып қарастыруға болады.

Осындай діни ғимараттарда мінәжәт ету әртүрлі сипатта болғанымен олардың арасында белгілі бір дәрежеде ортақ қағидаға негізделген ұқсастықтар кездесетіндігін «Барлық діндерге қатысты, ешкімге дау тудырмайтын ұқсастық ол адамзатты, дүниені жаратушы құдай екендігі және тозақ пен жұмақтың бар екендігі» (Амаланов, 2022) деген сипаттағы тұжырымдар да айғақтайды.

Адамзаттың қоғамдық өміріне едәуір дәрежеде ықпал жасайтын, шынайы білімді қажет ететін, адамзат дамуының нақты тарихын көрсететін діндер арасында бір ортақ мақсатты көздейтін ортақ қағидалармен бірге бітіспейтін, діни таным негізінде үнемі әлеуметтік оқшаулануға алып баратын қарама-қайшылықты әдет-ғұрыптық, танымдық тәжірибелер де кездеседі. Солай дегенмен «әртүрлі діни ағымдардың көзқарастарындағы айырмашылықтарға қарағанда ұқсастықтар әлдеқайда көп» (Амаланов, 2018) екені даусыз ақиқат.

Әлемдік діндерде адам өзінің бұл дүниедегі физикалық денесі өлгеннен кейін де тіршілігін тоқтатпайтын, жасаған әрекеттерінің сипатына байланысты өмір сүрудің басқа формасына ауысатындағы, яғни о дүниелік өмірге өтетіндігі туралы ортақ тұжырым орныққан. Осыған сай адамзат тарихындағы соңғы екі діннің – ислам және христиан діндерінің ортақ белгілері өте көп. Негізгі байланыс нүктелерінің бірі – бір Аллаға сену және көпқұдайшылықты (пұтқа табынушылықты) жоққа шығару. Сондай-ақ православие мен исламда көзге көрінетін әлемді, сондай-ақ көрінбейтін періштелер әлемін Құдай жаратқан деген тұжырымға саяды.

Діндер арасындағы дәстүрлердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары ол діндердің хикаяларындағы тарихи тамырластықпен қатар, олардың догматтық, канондық негіздеріндегі діни дүниетанымдық мәселелермен де байланысты. Иудаизм, христиан діні мен ислам ортақ рухани қайнар көзден бастау алғандықтан ибраһимдік, монотеистік аяндық діндер деп аталады (Тоқтарбекова, 2022).

Жаратушы Адам Ата мен Хауа ананы жаратқандығы, білім беретін ағаштың жемісін жеуге тыйым салғаны мәлім. Христиан дүниетанымда Жаратушы аянынан тыс алынған білім мойындалмайды, тіпті күнәға есептеледі.

Екі діннің ортақ философиялық ұстанымы - адамзаттың түпкі атасының (Адам ата мен Хауа ана) күнә жасауы. Осы ұстанымға сай мұсылмандар бұл дәстүрлі түсінікті мойындағынымен, Адам Ата мен Хауа ананың тәубеге келгендігін олардың күнадан арылғандығы деп түсінеді.

Діндердің екеуі де қасиетті кітаптарды мойындайды. Алайда, бұл ұқсастық тек сыртқы көрініс. Осының негізінде күнделікті өмірдегі мінез-құлық, имандылық (қарапайымдылық, момындық, құлшылық), қоғамдық іс-әрекет, көршілермен қарым-қатынас және жақсылық жасауға шақыру, ораза ұстау, құрбандық шалу, садақа беру, діни мерекелер және т.б. ұқсастықтың негізгі сипаты болып табылады.

Осындай ұқсастықтарға сай олардың ұстанатын діни дәстүрлері мен құлшылық етіп, мінәжат жасау орындарында ұқсастықтар болуы да заңды құбылыс. Діни дәстүрдегі ең басты ұғым адамның өзін-өзі тануы мен әлемнің ақиқат сырына үнілу мақсатында 40 күндік оқшаулану дәстүрі. Исламда бұл сопылық ағымда «Қылуат» ұғымында кездеседі. Ол туралы философия ғылымдарының докторы, профессор Д.Кенжетай «Иасауи тариқатында қылуат: Халуат-(а) (қазақша қылуат), Арабша, сөздік мағынасы жалғыз қалу, қуыс бір таса жерде оңашалану дегенді білдіреді. Сопылық терминологияда қылуат, муридтің бар ықыласын белгілі мақсатқа бағыттауы және кейбір арнайы зікірлер арқылы риязаттарды орындау үшін шайхтың муридінiң рухани хәлін қараңғы, сыртқы әлемнен жырақтау орындарда яғни, жерден қазылған мекенде, белгілі уақыт ішінде тәрбиелеуін білдіреді. Жүректі (қалбты) бөтен сенімдерден, жаман әдеттерден арылтуды, муридтің бүкіл болмысын Аллаға арнап, Одан басқа барлық нәрседен қол үзуін де қылуат дейді. Яғни, қылуат-рухани жалғыздықты, тәнімен «халық» арасында, жаны - рухымен Хақпен бірге болуды білдіреді.

Иасауи тариқатында қылуатке түсудің дәстүрлі этикалық қағидалары бар. Қылуат уақыты қырық күн. Оны “шілдехана” дейді. Қылуат мақсат емес, мақсатқа барар жолдағы рухты арылтудың құралы (Кенжетай, 2018:131-132) – деп анықтама береді.

Сондай-ақ, белгілі ясауитанушылар Ә.Муминов пен З.Жандарбек аударған Сафи-ад-дин Орың Қойлақының «Насабнама» шежіресінде «Қ.А.Ясауидің 12 мың муридi, 40 қылуатханасы болғанын» айтады (Муминов, Жандарбек, 1992:32)

Бұдан басқа ел аузында «Алла тағала тарапынан келген ілімдерді үйрену кезінде пайғамбарлар халықтан оқшау жерлерге жеке кететін болған. Мысалы, Жүніс пайғамбар осы ілімді игеру үшін 40 күн үлкен балықтың ішінде, Мұса пайғамбар 40 күн тауда, Иса пайғамбар 40 күн шөл далада, Мұхаммед пайғамбар да 40 күн тау ішіндегі үңгірде болады» (Алтынбекова, 2013:233-234).

Байқағанымыздай 40 күн оқшаулану көне заманнан келе жатқан үрдіс, шілдехана және қылуат пен жерасты мешіттері осы үрдістің заңды жалғасы. Демек, әлемдік діндердің барлығында оқшаулану немесе шілдеханада тазару дәстүрі болуы ықтимал.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы. Тақырыптың пәнаралық байланыстар тоғысында орындалуына байланысты зерттеудің методологиялық негізінің де тарих, теология және архитектура ғылымы салаларының әдіс-тәсілдерін қолдануымен ерекшеленеді. Әлемдік діндердің тәжірибесі мен танымында жерасты минажат орындарының қалыптасу тарихы туралы ізденістерде тарихи-салыстырмалы тәсілді қолдану олардың ортақ белгілері мен ұқсастықтарын анықтауға септігін тигізді. Сол сияқты бірнеше мәрте жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерін салыстыру арқылы дәлірек қорытынды жасау мүмкін болып отыр. Діни жерасты минажат орындарының тарихы мен салынған уақытын, қызметін нақтылау объектінің типологиялық функциясын дәл анықтауға көмектеседі. Жерасты минажат орындарының атқарған діни-рухани қызметі, оның қоғамдық-әлеуметтік ортаға ықпал-әсері теология ғылымының әдіс-тәсілдерін қолдануды қажет етеді. Минажат орындары құрылыстарының орналасуы, қолданылған материалдары мен ішкі құрылымдары да алуан-түрлі болуы мен салыну уақытын нақтылау зерттеу барысында бірқатар қиындықтар туғызды. Бұндай түйінді мәселелердің шешімін іздестіруде сәулет-құрылыс саласының методологиялық әдіс-тәсілдеріне жүгінуге тура келеді.

Діни жерасты минажат орындары туралы ғылыми деректерді зерттеу мен талдау тарихи-салыстырмалы және тарихи-типологиялық, индуктивті талдау, феноменологиялық әдісітері бойынша жүргізілді.

Талқылау. Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері пайда болған XII ғасыр тұсында сопылық ілім өз дамуының шарықтау шегіне жатқан кезең десек болады. Сопылық ілімді қарапайым халықпен қатар ірі дін басылары мен ел билігіндегі ақсүйек қауым да мойындаған болатын. Сопылық ілімнің бұндай беделі ислам дінінің түркі халықтары арасында таралуын барынша жылдамдатты. Сопылық ілім туралы айтқанда Қ.А.Ясауидің қылуатке түсу дәстүрі туралы айтуға тура келеді. Ясауи өмір тарихының негізгі деректік көзі болып табылатын Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті әрі туысы Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» қолжазба шежіресінде Қожа Ахмет Ясауидің әкесі мен өзінің көптеген «Қылуатте» шәкірт тәрбиелегені айтылады.

«Қылуат» мешітіне археологтар Т.Н. Сенигова, Е.Смағұлов, Қ.Итенов, М.Тұяқбаевтар әртүрлі кезеңдерде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген. Археологиялық қазба нәтижелері бойынша жазылған еңбектерде «Қылуат» жерасты мешіті туралы жан-жақты ғылыми мағлұмат берілген. Дегенмен, Қазақстан территориясындағы басқа жерасты мешіттері туралы ғылыми зерттеулер жоқтың қасы. Жерасты минажат орындары туралы зерттеулер христиан әлемінде болсын, ислам әлемінде болсын ғылыми зерттеулерде өте аз қамтылған тақырып.

Қазақстандағы рухани жерасты мешіттері туралы мағлұматтар саяхатшы әрі тарихшы ибн Хордадбек «Китаб әл-масалик уа-л мамалик» (Жолдар және елдер туралы), «Әл-Мақдиси «Ахсан ат-тақасим уа мағрифат әл-ақалим» («Өлкелер туралы мәлімет беретін тандаулы тарау»), әл-Идриси «Китаб

нузһат әл-муштак фи ихтирақ әл-афақ» («Шаршағанда көңіл сергіту мен (дүниежүзі) аймақтарына саяхат») еңбектерінде және Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» қолжазба шежіресінде кездеседі (Муминов, Жандарбек, 1992:32).

Рухани жер асты мешіттері туралы зерттеулерге П.Рычков, А.Алексеев, А.Дюгамель, Э.Эверсман, П. Пашино, В.Бартольд, А.Бернштам, В.А.Гордлевскийлер өз жазбаларында атап көрсетсе, христиан дінінің православиелік бөлігіндегі жерасты шіркеулері мен монастырьлары туралы Ю.Ю.Шевченко арнайы зерттеу жүргізіп, монографиялық еңбек арнаған. А.В.Головнев, А.П.Зеньков, В.Я.Руденок, В.Н.Плужников, М.И.Артомоновтар жерасты монастырьлары мен шіркеулері туралы өз еңбектері мен зерттеулерінде түрлі мәліметтер береді.

Жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектерімен қатар, діни жерасты ғимараттары туралы А.Б.Авагаян оқшауланып мінәжат ету орындарының архитектурасы жайлы зерттеу жүргізсе, Т.А.Бабровский шіркеулер мен жерасты ғибадатканаларындағы діндарлардың оқшаулану бөлмелерін (келия) салыстыра зерттейді. В.В.Зверинский жерасты немесе үңгірдегі ғибадатханалардан табылған археологиялық бұйымдар арқылы құрылыстың жасын анықтау жұмыстарын жүргізген (Зверинский, 1897:146).

Зерттеу нәтижелері. IX-X ғасырларда ислам діні сунниттік бағытта түркілер әлемінде нығая түсті. Осы процесстің негізінде мешіттер мен медреселер қалыптаса бастаған болса, жерасты мешіттерін салу және оны пайдаланудың тәжірибесі орнықты.

Түркі әлеміне ислам дінінің дәнін сеуіп, түркі мәдениеті мен исламдық дәстүрлерді байланыстырып, діни рухани мектеп қалыптастырған, мұсылман әлемінің түкпір-түкпірінде сопылық ілімін таратқан, көптеген шікірт тәрбиелеген, «Әзірет Сұлтан» атанған Қожа Ахмет Ясауи бабамыз Мұхаммед пайғамбардың оқшаулану сүннетін «Жерасты мешіті» деп аталатын «Қылуетке» түсу арқылы орындаған. Дегенмен, қылуетке түсу Қожа Ахмет Ясауиге дейін де сопылық ағым өкілдерінде болғанға ұқсайды. Қожа Ахмет Ясауи шәкірттері де сүннетін қылуетке түсу арқылы орындаған.

1914 жылы Ф.Көпрүлү «Шура меджмуасы» аталатын мақаласында сопылық дәстүрдегі қылуетте оқшаулану жөнінде: «Қылуетте оқшаулануды қалаған кісі халық тарапынан болатын жаманшылықтан сақтануға емес, өз өз бойындағы жаман қылықтардан арылу үшін осы әрекетке бардым деп өзін-өзі сендіру керек. Себебі, егер керісінше болса өркөкіректік пен тәкапарлыққа бой алдырады» (Көпрүлү, 1999:19).

1. Христиан дінінің әсіресе, православиелік тармағында көптеп кездесетін жерасты шіркеулері де осындай оқшаулану мақсатында болғандығы айқын. «Бүкіл Еуропа мен Таяу Шығыста христиандықтың дамуы мен нығаюына қызмет еткен көптеген үңгірлер бар. Олардың кейбіреулері жеке оқшауланып мінәжат етуге арналған» (Татаров, 2015:85). Бұл туралы жерасты шіркеулерін түпкілікті зерттеумен айналысып жүрген т.ғ.к. Ю.Ю.Шевченко да өзінің «Христианские пещерные святыни» атты

монографиясының II томы «Подземные святыни преисподней византии» атты VI тарауында «Үңгірдегі ғибадатханалар діни талаптардың жоғары деңгейіне сәйкес келгендіктен оны оқшаулану және өзін-өзі жетілдіретін орын (подвижничество) деп атады. Мұндай ғибадатханалардағы оқшаулану қатаң түрде өз еркімен болды: мұнда өз жаныңның «түпсіз тұңғиығына» үңілуге ештеңе кедергі болмайды, өйткені ол қалаған патшалық жүрегінің ең терең жерінде, жасырулы. Бұл әр христианға өмір жолының басында қажет болатын ақиқат сынақ. Әрбір христиандық жер бетінде немесе жерасты ғибадатханаларында болса да осынау опасыз дүниедегі жолдың соңында өз жанын Иесуға тапсырады. Ол жолда: дене-жерге, жан-сотқа (алдымен жеке адамға) тапсырылады. Осыған байланысты жер асты ғибадатханалары христиандардың барлық өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру орны болып табылады. Олармен алдын-ала белгіленген әртүрлі жерасты храмдарының түрлі функциялары байланысты болды» (Шевченко,2010:78) деп атап көрсетеді.

Жерасты ғибадатханаларының қандай дінге қызмет етсе де салынған орнының географиялық ерекшелігі көңіл аудартады. Себебі, жерасты ғибадатханалары әктасты, бортасты және құмтасты жынысты тауларда, салынған. Бұл туралы К.Ю.Татаров «Таудағы үңгірлердің әктас қабырғалары кеміргіштерден және обадан қорғануға сенімді құрал болды. Бұл діни рәсімдердің орны болғандықтан ол тиісті дәрежеде қажетті заттармен жабдықталуы тиіс» (Татаров, 2015:86).

Осыған орай исламдық діни жерасты ғимараттарының да дәстүрлері мен функцияларына тоқталып өтейік. «Қылу» рухани жерасты мешітіне де оқшаулану үшін «Ғар» бөлмелері салынған. Онда түсу үшін алдын ала дайындықтан өтуге тура келеді. Ол үшін «Шілдехана» деп аталатын мінәжат орынында 40 күн дайындықтан өтуге тиіс. Сол шілдеханадағы 40 күн тазару курсынан өткен, соған шыдаған діндар ғана «Ғар» бөлмесінде оқшаулануға рұқсат алатын болған. Әрине, «Шілдеханада» тазарудан өтудің де қатаң сақталатын өзіндік ережелері болған.

Бұдан біз, ибрахимдік діннің бірі саналатын христиан дінінің өкілдері де жерасты ғибадатханаларында оқшауланғанын көреміз. Ю.Ю.Шевченко осы еңбегінде христиандық жерасты ғибадатханаларын 3 түрге және ешқандай түрге кіргізуге жатпайтын ғибадатханалар деп бөледі.

1. Алғашқы діни жерасты ғимараттары Египеттегі фараондардың лабиринттері мен жерасты жерлеу храмдарында пайда болған. Оған Нитриский тауындағы Александрияның Аян Макары кешені, Птолемиадедегі Аян Пахомия, Ертедегі Египеттің жерасты жерлеу храмдарын жатқызады (Шевченко,2010:78).

Жоғарыда келтірілген дерек бойынша діни жерасты ғибадатханаларының тарихы б.з.д. 2000 жылдан ары болып шығады.

Ж.Таймағанбетовтың жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде Қазақстан территориясынан табылған ең көне үңгірдің жасын ғалымдар 48 000 жыл деп анықтап отыр (Таймағанбетов, 2022). Демек, алғашқы адамдардың діни

құлшылық дәстүрлерінің Қазақстан территориясында қалыптасуы да біздің жыл санауымыздан бірнеше мыңдаған жылдарға кететіні анық.

2. Құрылыстың екінші түрі – оқшауланған діндарлардың (анахореттердің) тұрақ-үңгір галереясы немесе құлшылық бөлмесі. Ғибадатханалардың бұл түріне Кавказдағы апостол Симон Кананитаның, Любечедегі Печерскийдің Аян Антониясының үңгірі және Аскольдово мазаратындағы Аян Феодоры мен Иоаннаның т.б. үңгірлерін жатқызады. Екінші типтегі барлық кешендердің негізгі функционалды мақсаты – тұрғын тұрақ.

Бұл Таяу Шығыс пен Арабияның стандартты тұрғын үй құрылысының дәстүрлі түрі. Мұндай үңгірлерде кейінгі эллиндік Петра халқының жартысына жуығы өмір сүрді. Сондай-ақ, мұнда «тірілер үйі» және «өлгендер үйі» жоспарланып жасалған. Мұндай «тұрақ үңгірлер» және «Иерусалимнің қасиетті географиясындағы» «жерлеу орындары» (қабір үңгірлері) олар Христостың туылуынан бұрын да, одан кейін де болған. Сол сияқты, жер асты жатын бөлмелері қағидаты бойынша жерлеу үңгірлері де орналастырылған-Жерорта теңізінің, Қырымның және Кавказдың кейінгі эллиндік және ерте ортағасырлық құпиялары. Оны Таяу Шығыстағы гипоген Пальмира сияқты жерлеу құрылымдарының кейінгі эллиндік үлгілерінен көруге болады (Шевченко, 2010:78).

3. Жерасты құрылысының үшінші түрі - бұл жерасты ғибадатханасы мен жерасты зираты. Оның функционалды қызметі ежелгі Рим катакомбаларының кешендеріне сәйкес келеді, онда ертедегі христиандық храмдар (шіркеулер) мен зираттар үлкен жерасты құрылысында (криптерде) орналасқан, бірақ, әлі күнге дейін тұрғын бөлме (келия) белгісіз болып олтыр. Мұнда, жер астында олар діни жиналыстар өткізіп, пікірлес діндарларды жерледі, бірақ, тұрғын жай ғимараты ретінде пайдаланбады. Христиан жерасты құрылысының бұл түріне Шығыс Еуропада Псков-Печерск монастырымен жатады. Ерте орта ғасырдың басында Христиан ескерткіштерінің бұл түрі Таяу Шығыста жұмыс істеді және 1106-1114 жылдар аралығында орыс игумені Даниил «Скудельнич ауылы маңында (...) Сион тауының бөктерінде тастан көптеген үңгірлер қашалған, сол үңгірлерде қазір табыттар орналастырылған, қашалған тастар өте ғажап. Мұнда әкелінген діни пікірлес адамдардың мүрдeleri тегін жерленеді: олар бұл қасиетті орын үшін ештеңе төлемейді, өйткені ол жер Христің қанымен сатып алынған»-деп жазды (Шевченко, 2010:88).

4. Автор жоғарыда көрсетілген жерасты құрылыстарынан тыс басқа да объектілерді қосу керек, олар табиғи қасиетті үңгірлер – деп атап көрсетеді. Олар жерасты суларының деңгейінің көтеріліп, жер бетіне шығуы салдарынан пайда болған, қасиетті бұлақ көздері бар үңгірлер (Шевченко, 2010:90).

Ю.Ю.Шевченконың бұл жіктеулері тек хронологиялық жіктеу болып табылады. Жалпы алғанда православиелік жерасты шіркеулерінің салыну

жылдары бойынша топтастырудан бөлек қызметтік функциялары мен архитектуралық ерекшеліктеріне қарай да топтастырған дұрыс.

Исламдық жерасты мешіттерінің архитектуралық және қызметтік сипатына үңіліп көрейік. Исламдық жерасты мешіттерін, оның ішінде Қазақстандағы діни жерасты мешіттеріне байланысты деректерді зерттеу барысында жерасты мешіттерін төмендегідей екі топқа бөліп жіктеуге болады.

1. Табиғи үңгірлерді діни рәсімдер орны ретінде өңдеу, кеңейту немесе бортасты және әктасты жарқабақтардан үңгу арқылы жерасты ғимаратын жасап пайдалану. Бұған негізінен Маңғыстау жеріндегі әктасты және бортасты тауларда орналасқан жерасты ғимараттары кіреді. Атап айтқанда: «Шақпақ ата», «Сұлтан үпі», «Шопан ата», «Қараман ата», «Бекет ата» жерасты мешіттері т.б. жатқызуға болады (1-5 суреттер).

2. Жерді арнайы қазып, салынған жерасты ғимараттары. Бұған Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан жерасты мешіттері кіреді. Үлкен «Қылует», кіші «Қылует», «Құмшық ата», «Шәмет ишан», «Шілдехана» т.б жерасты ғимараттары кіреді (6-10 суреттер).

Маңғыстау жеріндегі жерасты мешіттерінің ислам дінінің сопылық дәстүріне қызмет еткендігі анық. Ол туралы белгілі зерттеуші ғалым А.Г. Медоев бұл көрнекті құрылысты былай деп сипаттаған: «Ғимарат ежелгі шығыстың сәулет өнерінің үлгісімен күмбезделіп жасалған. Мешіттің іші мен есіктерінің мәнер өрнектері ерекше көркемделген. Ертедегі белгісіз шеберлер, тас өңдеушілер мен оюшылар тас бетіне бедер түсіріп, оларды өшпейтін бояулармен безендірген. Оларды жасаушылар құрылысшы емес, көбіне мүсінші сияқты еңбектенген». Мешіт қабырғасында кескінделген сопылық бағыт суреттері мен тұжырымдар (сопылықтың басты белгілері аялы ашық алақан бейнесі, жануар суреттері, Алланың 99 мағыналы аты, т.б.) оның тарихын, белгілену уақытын тереңдете түседі. Мешіттің қабырғалар, порталдар мен ұстындар жазықтықтарының беттеріндегі мұншама көп мөлшердегі эпиграфика өңірдің басқа бірде-бір ескеркішінде жоқ екенін атап айту керек (Медоев, 1969:51-57).

Православиелік жерасты ғимараттары да территориялық бөліністеріне қарай әртүрлі стильде салынғанын байқаймыз. Бұл туралы К.Ю.Татаров «Біздің ойымызша, ең басты айырмашылық - жерасты құрылыстарының салыну үлгісі. Егер, Қырымда монахтарға арналған кіші бөлмелер (кельи) бөлек салынған болса, Киевте олар дәліздермен біріктірілген, ал, Псковта бірінші шіркеу салынған. XV ғасырда дәл осы Успен жерасты шіркеуін жарықтандырудан осы солтүстік монастырдың тарихы басталады (Татаров, 2015:88).

Сонымен қатар, И.А. Агапов «үңгірлер болашақ монастырь орнында әлдеқайда ертерек пайда болды. Бұл құрылыстарды салған татар-моңғол ордасынан қашқан босқындар болуы мүмкін» (Агапов , 2011:237-260) деген пікір айтады.

Қорытынды. Жерасты діни ғимараттары діндарлардың оқшаулануы үшін қолайлы орын болғандығын көреміз. Оқшаулану- құдайды тану, өзін-өзі тану, бұл жер бетіндегі өмірдің, жер бетіндегі күрестің мәнін түсіну. Ғарда оқшаулану арқылы рух бостандығына қол жеткізгендер - тек тән құмарлықтарынан ғана емес қалыптасқан өз ой-пікірлерінен де тазарып, сонымен қатар нәпсілерін тыю арқылы күнәлардан да арылып, рухани тазарады. Осындай, жүрегі тазарған адам ғана шынайы ілімді, ақиқатты қабылдай алады делінді. Бұл үрдіс саналы адам қалыптасып, дін пайда болғаннан жалғасып келе жатқан діни дәстүр екенін көреміз.

Қандай қоғамда, қандай мемлекетте, қандай дінде немесе қандай географиялық жер қыртысында орналаспасын, қарастырып отырған жерасты ғибадатханаларынан өте көп күш жұмсалған қол еңбегінің көрінісін көреміз. Бұндай діни жерасты ғимараттары әктасты, бортасты және құмтасты тауларда, теңіз жағалауларындағы жарқабақтарда орналасты.

Қорыта айтқанда, зерттеуіміздің алғашқы болжам ретінде әлемдік діндердегі жерасты мінажат орындарының қызметі мен құрылыстарында мынадай ортақ белгілер мен ерекшеліктер болғандығын айтуға болады.

1. Жерасты құрылыстарының салынған жерлерлерінің әктасты немсе бортасты болып келуінде. Бұл кездейсоқтық емес. Жоғарыда атап өткеніміздей мұндай тау жыныстарында салынған құрылыстардың түрлі аурулар мен зиянкес жәндіктерден қорғайтыны ғылымда дәлелденген құбылыс;

2. Исламдық және христиандық жерасты діни құрылыстарына тән ерекшелік ол, жеке құлшылық бөлмелерінің болуы. Исламда, соның ішінде сопылық ағымда ол «Ғар» деп аталса, христиан діни құрылысында монахқа арналған жеке бөлмені «келья» деп атаған;

3. Сопылардың жиналып зікір салатын орны «Қылует» аталатыны белгілі, ал, христиан дінінде монахтардың елден жырақ үңгірдегі құлшылық орнын «Скит» деп аталады. Ғ.И.Кушенова «Зерттеулерде Ахмет Ясауи тарихатында Қылуеттің маңызы ерекше болғаны және оның өзіне ғана тән әдептері бар екені айтылады» (Кушенова, 2009:124) – десе, православиелік шіркеулердегі оқшауланған монахтарға арналған жалпыға бірдей ереже кездеспейді.

4. Ең басты ұқсастық екі дін өкілдерінің де кемелдену үшін 40 күн оқшаулануы. Осы тұста философия ғылымының докторы, профессор Д.Кенжетайдың «Пайғамбар Хира тауының үңгірінде оңаша медитация жасап отырды. Уахи сол сәтте түсті. Бұдан шығатын қорытынды: пайғамбар сүндеті бойынша жүрек көзіңді ашқың келсе оңашада үнсіз отыр. Ал қырық күн Құрандағы практика. Мұсаны кемелдікке келтіру үшін қырық күн Тұр тауында ұстайды» (Кенжетай, 2022) деген тұжырымы оңашаланудың философиялық мәнін ашады.

Осындай сипаттағы ұқсастықтарға ие діндердің түрлі құрылыстары мен дәстүрлерінің Кеңестік кезеңдегі тағдыры да өте ұқсас болды. Дін өкілдері

қуғынға ұшырады, діни орындар бұзылды немесе басқа мақсатқа пайдаланылды.

Түркістан қаласындағы «Қылует» жерасты мешіті 1942 жылы бұзылып, кірпіші май заводын салуға пайдаланылған, дегенмен А.Л.Шмидт деген азаматтың жанашырлығының арқасында құрылыстың сол кездегі макеті бізге жетіп отыр. Жәдігер «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» қорында сақтаулы. №7 сурет. (ӘСМҚ ВА, 2295:25).

Қазан төңкерісінен кейін кеңестер құрамына кірген елдерде діндарлар мен киелі орындар, діни ғимараттарға қарсы жүргізген биліктің қуғындау саясаты қалыптасқан діни дәстүрлердің өмір сүруіне кедергі жасап, тарихи сабақтастығын жойды. Осы кезеңде адамзат тарихындағы ірі-ірі екі діннің өкілдері мен дәстүрлері көп зардап шекті. Біз қарастырып отырған исламдық және православиелік діндердің жерасты ғимараттарының қиратылуы іске асты. Дегенмен, Кеңестер Одағының жүргізген атеистік саясаты халықтың дінге деген сенімін түпкілікті жоя алмағаны сияқты жерасты мінажат орындарының да біржолата жойып жібере алмады.

Жерасты діни мінажат орындарын іздестіру, зерттеу, қалпына келтіру жұмыстары жанданып келеді. Бұл үрдіс «Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қолдау тапты.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

Агапов И.А. О вазможном происхождении пещер Псково-Печерского монастыря / Христианство в регионах мира. - Москва: Наука. - 2011. – 260 с.

Алтынбекова Ә. Қожа Ахмет Ясауи және фольклор: ауыз әдебиетіне тигізген әсерін зерттеудің кейбір проблемалары // «Абайдың ақындық мектебі» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Дайк-пресс. – 2013. - Б.233-238.

Амаланов С. Сходства и различия религий. - [Электронды ресурс] - URL: <https://amalan.ru/sxodstva-i-razlichiya-religiya.html> (22.07.2022 ж.).

ӘСМТММҚ ВА («Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» ведомствалық қоры). 2003-қ., 1-т., 2295-іс., 25- п.,

Таймағамбетов Ж. Бәйдібек ауданындағы үңгірден 48 мың жыл бұрынғы тіршілік анықталды. - [Электронды ресурс] - URL: <https://newsroom.kz/regions/turkistan0766699.html> 19.07.2022

Кенжетай Д. Қазақ мұсылмандығы және оның қалыптасу алғышарттары. – Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры. - 2018. - 248 б.

Кенжетай.Д. «Салафизмге қарсы бірден – бір антивирус – сопылық». - [Электронды ресурс] - URL: <https://ult.kz/post/teologiya-gylymdarynyndoktory-professor-dosay-kenzhetaimen-sukhbat>

Көпрүлү Ф.Қ. Қ.А.Иасауи танымы мен тағылымы. – Шымкент: ХҚТУ , - 1999, - 254 б.

Көшенова Ғ. Ясауи жолындағы зікір мен қылует дәстүрі (Сұлтан Ахмет Хазинидің «Джавахир ал-абрар» атты еңбегі бойынша) // Известия НАН РК (Серия общественных наук). – 2009, - №6. – С.123-125.

Зверинский В.В. Материал для историко-топографического исследования о православных монастырях в Российской империи: С библиогр. указ. / сост. и изд. В. В. Зверинский. 1-3. – Санкт-Петербург: Безобразова и К°, - 1897, - 146 с.

Медоев А.Г. Подземная архитектура кочевников полуострова Мангышлак // Простор. -1969. -№6. -С.51-57

Муминов.А., Жандарбек З. Сафи-ад-дин Орың Қойлақы «Насабнама» Түркістан. «Мұра» 1992 ж. 32 б.

Сафи-ад-дин Орың Қойлақы. «Насабнама» / Ауд. Ә.Муминов, З.Жандарбек. – Түркістан: Мұра. - 1992. – 32 б.

Татаров К.Ю. Сравнительный анализ пещерных монастырей России. Москва: НАУ. – 2015, - 251 с..

Тоқтарбекова Л.Н. Қазақстанның мәдени-әлеуметтік кеңістігіндегі ислам дәстүрі: дінтанулық талдау. - [Электронды ресурс] <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder17928/Аңдатпа%20Тоқтарбекова%20ЛН.pdf>

Шевченко Ю.Ю. Христианские пещерные святыни. – Москва: Наука, - 2010, - 187 с.

**II БӨЛІМ.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ РУХАНИ ЖЕРАСТЫ МЕШІТТЕРІНІҢ
АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**


Үлкен Қылует жерасты мешіті



«Қылует» мешітінің алдынан түсірілген көрінісі.




«Қылует» мешітінің артынан түсірілген көрінісі.




«Қылует» жерасты мешітінің «Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қорында сақталған макеті.

А.Л.Шмидт. 1940 ж.



«Қылует» жерасты мешітінің 1940 жылы А.Л.Шмидт жасаған макеті бойынша сызбасы



«Қылует» мешіті. «Жамағатхана»

Қылует жер асты мешіті

Қылует жер асты мешіті, XII-XV-XIXғғ. Республикалық мәртебеге ие ескерткіш. XII ғасырда салынып XX ғасырдың бірінші жартысына дейін үздіксіз жұмыс істеп тұрған, жартылай жер астында орналасқан ортағасырлық діни құрылыстардың бірі. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстігінде 140м қашықтықта орналасқан.

Алғашқыда Он сегіз бөлмеден тұрған бұл жартылай жер асты құрылысы жан-жақты діни, рухани, мәдени қызмет атқарған кешен болуымен назар аудартады. Құрылыста адам өмір сүруіне, құлшылық-ғибадатын атқаруға қолайлы жағдай жан-жақты қарастырылған. Мұнда жер астындағы Қожа Ахмет Ясауи салдырған бір адамдық «Ғар» бөлмесіне қоса «Мешіт» бөлмесі, «Жамағатхана» залы, шәкірттерге арналған «Құжыра» бөлмелері, ыстық су дайындайтын, жуынатын, дәрет алатын бөлмелер де ескерілген. Деректерде «Қылует» мешітінің қонақ үйлері мен жылқы байлайтын ат қоралары да болғандығы жазылады. «Қылует» сөзі арабша «Халуәтун» – жалғыз, оңашаланып өмір сүруге ұмтылу деген мағына береді. «Қалыпты (жүректі) бұрыс, сенімдерден, жаман әдеттерден арылтуды, құтқаруды – “Қылует” дейді. Атақты суфи Қушайри муридтің бүкіл болмысын Аллаға арнап, Алладан басқа барлық нәрседен қол үзуін яғни, рухани

жалғыздықты, қоғамнан жырақ жеке дара өмір сүру, тәнімен “халық арасында, рухымен хақпен бірге болуды да Қылует дейді” деп түсінік береді зерттеуші Досай Кенжетай. Қылуеттің рухани кемелдену жолы ретінде тариқат әдебінде маңызды орын алғанын баяндай келіп: «Ясауи тариқатында (жолында) “Қылуеттің” өзіндік маңызы мен өзіне тән әдебі (қағида ережелері) бар. Қылует кезінде нәпсіге, шайтанға тиесілі ләззаттар, қалаулар, ниеттер жанып жоқ болады. Адамзатқа тән қараңғылық және басқа да қайғы-мұң жойылады, ішкі рухани дүниесі нұрланып тазарады және тағы да осы сияқты көп нәрселерге қол жеткізеді» дейді түрік зерттеушісі М.Ф. Көпрүлү. Ясауи тариқатындағы Қылует рәсімі жайлы “Жауахайрул әбрәр” атты дерек көзіне сүйене отырып, былай жазады: “Қылуетті қалаған адам халықтың аманшылығынан қорғану үшін емес, өз жаманшылығынан қорғану үшін бұл әрекетті таңдап алдым деп ойлауы керек. Өйткені керісінше болған жағдайда өркөкіректік пен тәкәппарлыққа жол береді”. Қылуеттің ұстаздың ұйғарымымен және оның бақылауында өтетін Ясауи тариқатының әдебіндегі ерекше әдістердің бірі екені баяндалады. Қылует қырық күнге созылатын, күні-түні ұйқы мен тамақтан шектеліп, тәкбір, алқа зікір, “истифғар” (кешірім дұғасы) оқылып, Құдайға құлшылықпен өтетін ғибадат мерзімі ретінде сипатталады. «Әзірет Сұлтан қабіріне үнемі зиярат етсе де, жылда бір рет зұлхиджа айының алдында үлкен рәсімді түрде сопылар қылуетханаға кіреді. Соңғы жылдарға дейін бес-алты мың адам тек қана осы мақсатпен жиналатын» деп жазылған 1914 жылғы «Шура меджмуасындағы» мақалада. Ахмет Ясауидің жақын туысы Мәулана Сайфуддин Орын Қойлақы қолынан туған «Насабнама» шежіресінде Ахметтің әкесі Ибраһим шайықтың отызға жуық «Қылует» мешіттеріне билік жүргізгені айтылады. Ясауидің ата- бабаларының ең сенімді шежіресі саналатын бұл еңбекте Ахметтің өзіне де елуден аса «Қылуеттің» бағынышты болғандығын, олардың жұмысына басшылық жасауға Ясауи өз мүридтерін жіберіп отырғандығын келтірген. Бұл мысал «Қылует» мешіттерінің Ясауиден бұрын пайда болып, оның тұсында нағыз шарықтау кезеңіне аяқ басқандығын көрсетеді. Қаламызда «Қылует» мешіттерінің міндеттерін атқарған «кіші Қылует» «Әулие Құмшық ата», «Шілдехана» құрылыстарының қалдығы осы күнге дейін сақталған. Бұлардың соңғы екеуі қазіргі күні қалпына келтірілген, ал «Кіші Қылует» «Үлкен Қылует» сияқты 1942 жылы бұзылып, кірпіштері Май заводын («Антибиотик») салуға жұмсалған, ол Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің батыс жағында 50-60 метрдей жерде орналасқан болатын. Қылует (Үлкен Қылует) мешіті Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 140 м қашықтықта орналасқан. 1940 жылы май заводын салуға кірпіштерін бұзып алмас бұрын, скульптор А.Л. Шмидтің жанашырлығымен Қылует мешітінің макет жобасы жасап қалдырылды. Соның негізінде және археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде Қылуеттің (Үлкен Қылуеттің) XV-XVI ғасырларда салынған бөлігінің орыны анықталып, қайта қалпына келтіріліп, мұражайға айналдырылды. Қылует өз



заманында қабырғалары топырақпен сыланған, оңтүстік фасадында негізгі есігі және батысында шаруашылық есігі бар жартылай жер асты ғимараты болған. Зерттеулер нәтижесінде бірнеше кезеңдерде салынғаны анықталған құрылыстың, ең көнесі Ғар бөлмесі (XII ғ.). Ғар баспалдақ арқылы Мешіт бөлмесіне шығады. Мешіт бөлмесі (өлшемдері – 5x5 м) шаршы бөлме, қабырғалары кірпіш. Жабындысы «уассы» түрінде белағаштар арқылы жабылған. Батыс қабырғасында михрабы бар. Еденіне шаршы кірпіштер төселген. Мешіт бөлмесіне шығыстан батысқа бағытталып, созылыңқы, төртбұрышты қылып салынған үлкен Жамағатхана бөлмесі арқылы кіреді. Кірпіштен салынған Жамағатхананың төбесі ағаш белағаштардан құрастырылып жабылған, бірнеше қатар ағаш дiңгек ұстындармен тірелген, желдеткіш тесіктері, бөлменің орта тұсында ағаш күмбезі бар. Ғимараттың ұстындары аса құнды сәндік және символдық мән-мағынаға толы өрнектермен безендірілген еді. Бірақ, олар бүгінде Ташкент қаласының өнер мұражайында көрмеге қойылған, қалпына келтірілген ғимаратта сақталмаған. Қабырғаларды бойлай кірпіш суфалар және шырағдандарға арналған ойықтар бар. Қылуат мешітінің негізгі құрылымы жер астындағы «Ғар» және оның үстіне салынған «Мешіт» немесе «Шілдеханана» бөлмелерінен тұратындығын, «Шілдеханасы» жартылай жер астына орналасатындығын «Әулие Құмшық ата», «Кіші Қылуат» мешіттерінің құрылысынан да байқаймыз. «Шілдеханалар» мен мешіттер салуда «қасиетті» саналатын жерлер таңдап алынған. Ел аузындағы аңызда – Қожа Ахмет Ясауидің өзі де жер асты жолы арқылы «Әулие Құмшық ата» мешітіне барып мінәжат етіп отырған. Әзірет Сұлтан дүниеден өткен соң шәкірттері Ғардың жанына дөңгелек бөлме «Шілдеханана» салған сияқты, кейіннен ол тарлық ете бастаған кезде бұзылып, қазіргі көріністегі «Қылуат» салынған. Бұған дәлел – «Шілдехананың» жанына салынған «Мешіт» бөлмесінің «Ғармен» қабырғаларының сәйкес келмеуі. Жаңа құрылыс салу кезінде «Мешіттің» оңтүстік-шығыс қабырғасы «Ғардың» үстінен түсіп кеткен және «Ғарға» түсетін ойық мешіттің сыртында – бұзылып кеткен «Шілдехананың» ішінде қалып қойған. «Шілдехананың» орнына үлкен «Жамағатхана» салынған. «Шілдеханана» парсының «чехл» – қырық деген сөзінен шыққан, мұнда Ясауидің жолын ұстаушылар қысқы «қырық күн шілдеде» жиылып зікір салып, діни жоралғылар өткізетін болған. Орын Қойлақының «Насабнамасында» мұндай мешіттер Отырарда және Сырдың батыс бетіндегі Зернұқ (Уәсидыс) қаласында да болғандығы айтылған.

Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген «Ғар» бөлмесінің қабырғаларының ұзындығы 135 x135 см., биіктігі 175 см., «балх» әдісімен қаланған төрт қырлы күмбезбен жабылған. Құрылыс 25x25 см. кірпіштерден бір жарым қатар қалыңдықпен қаланған, қабырғаларында шырағдан қоюға арналған шұңғыл ойықтар бар. Археологиялық қазба негізінде «Ғар» бөлмесінің Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасырда салынғандығы анықталып, қазба материалдарымен дәлелденді. Жер бетінен 4 –4,5 метр тереңдіктегі

қабірді еске түсіретін, тар, сыз бөлмеде өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың Алланы зікір еткен кезде тізелері кеудесіне үйкеле-үйкеле киімі тесіліп қалған екен деген, жәй көзге сондай тар болып көрінгенмен Құдайдың Рахым шапағатының көрінісі ретінде қылуеттің шексіз кең екендігі және басқа да кереметтері туралы аңыздар бар. 1929 жылы ғалым В.А. Гордлевскийдің жариялаған дерегіне сүйенсек, Ахмет Ясауи пайғамбар жасына жеткен соң «жер бетінде қанша өмір сүрсем, жер астында да сонша жасаймын» деп «Ғарға» түскен. Ғалымның жазуынша ХХ ғасырдың бірінші ширегінің өзінде жыл сайын «Халуатқа» қысқы күн мен түн теңелер мезгілде жиналып зікір салатындардың саны жиырма мыңға жетіп отырған.

1972-1973 жылдардағы Т.Н. Сенигованың және 1979 жылы Е.А. Смағұлов жүргізген археологиялық зерттеу жұмыстары нәтижесінде Қылуеттің (Үлкен Қылуеттің) XV-XVI ғасырларда салынған бөлігінің орны анықталып, қайта қалпына келтірілді. 1996 жылы «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының күшімен жүргізілген археологиялық қазба “Қылует” жер асты мешітінің едені астында орналасқан “Ғар” бөлмесінің жарма көрінісі. I – “Ғарға” түсетін шұқыр. II – “Ғарға” барар жол. III – “Ғар” бөлмесі. Биіктігі -180 см., қабырғаларының ұзындығы – 130x135 см. негізінде «Ғар» бөлмесінің Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасырда салынғандығы анықталып, қазба материалдарымен дәлелденді. Қалпына келтірілген Қылует жер асты мешіті бүгінде «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының қарамағындағы мұражай ретінде халыққа қызмет жасауда. Музейде Шойын қазан (ХІҮғ.), Қабірхана шымылдығы (ХҮІІғ.), Жайнамаздар (ХҮІІІғ.), т.б. құнды жәдігерлер қойылған. Осындай құрылыстың қайта қалпына келтіріліп, мұражай ретінде ашылуына скульптор А.Л. Шмидтің 1940 жылы «Қылует» мешітінің макетін ағаш, папье-маше, қағаз бен сазды пайдаланып жасап қалдырған еңбегі себеп болды. Біз ұсынып отырған «Қылуеттің» құрылыс сызбасы А.Л. Шмидтің макетінен алынған. “Қылует” жер асты мешітінің құрылыс сызбасы. (А.Л. Шмидтің 1940 ж. макетінен алынған)

Кіші Қылует жер асты мешіті



Кіші Қылует жер асты мешіті — Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің Мешіт бөлмесінен 40-45 м. Жерде орналасқан. Құрылысты 1960 жылы археолог Е.И.Пацевич алғашқы болып зерттеді. Құрылыс төртбұрышты кірпішпен қаланып, жартылай жер астында орналасқан. Кішкене күмбезді, жамағатхана, тахаратхана бөлмелерімен қоса «Far» бөлмесі бар. Farдың көлемі: 3x3 м., құрылыстың жалпы қабырғасының биіктігі 4 м.

1972 жылы Кіші Қылуетті Т.Н.Сенигова тұрғылықты халықтың айтуынша және Е.И.Пацевичтің жазған есебі негізінде зерттеп, 1976-1977 жж. ғылыми мақалалар жариялады.


Құмшық ата жерасты мешіті



«Әулие Құмшық ата» жерасты мешітінің сыртқы көрінісі



«Әулие Құмшық ата» жерасты мешіті



«Әулие Құмшық ата» жерасты мешітінің сызбасы.
 М.Тұяқбаев «Түркістан сырлары». Алматы. 2000 ж. 51 б.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен оңтүстікке қарай 1 км жуық жерде ашық далада орналасқан. Сопылардың діни рәсімдер өткізуіне арналған. Мешіт екі бөлмелі, ұзынша келген (он метрге жуық) ені тар дәлізді, шыға берісінде есігі бар үңгір құрылыс. Шикі кірпішпен қаланған. Түкпіріндегі бөлменің көлемі 2x2 м жуық, биіктігі 1,6 м, төбесі шатырлы күмбезбен көмкерілген. Оған іргелес диаметрі 2,5 м және биіктігі 2 м шамасында дөңгелек пошымды үй күмбезделіп жабылған. Дәлізі иірлі келген, негізгі құрылыс күйдірілген кірпіштен қаланған, күмбезбен көмкерілген. Төбенің орта деңгейінен құдық тәріздес, диаметрі 1 м шамасында, дәлізге жарық түсетін ойық жасалған. Жерасты мешітке кіретін есік қирап қалғандықтан, баспалдақтың сатылары анықталмаған. Мешіт пен дәліздің қабырғасы шаршы пішінді күйдірілген кірпішпен өрілген. Бөлме қабырғаларында шырағдан қоюға арналған шағын қуыстар қарастырылған. Құрылыстың ішкі құрылымы сыланбаған.

Жерасты мешіті Х-ХІІ ғғ. өмір сүрген әулие Құмшық ата атымен байланысты айтылады. Зерттеулер мешітті ХІІ ғ. бастап, халық жиналып, діни уағыздар рәсімі өтетін орын болғандығын растайды. Сонымен қатар, ел аузындағы аңызға сүйенсек – Қожа Ахмет Ясауи өзі де жер асты жолы

арқылы «Әулие Құмшық ата» мешітіне барып мінәжәт етіп отырған деген ел арасында аңыз бар. Олай болса, X-XI ғғ. Құмшық ата жерасты мешітінің «Ғар» бөлмесінде сопылар өмір сүріп, олардың шәкірттері «Шілдехана» бөлмесінде жиылып зікір салып, сопылық әдет-ғұрыптар жүргізген деуге толық негіз бар (Сенигова, 1976:105–106). Құмшық ата жерасты мешітіне 1973–1974 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігі мен Ғылым Академиясының жанынан құрылған Тарих, археология және этнография институты бірлесіп экспедиция өткізді. Экспедиция жұмысына археолог Т.Н.Сенигова жетекшілік жасады. 1985 жылы Құмшық ата жерасты мешітіне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Құмшық ата мешіті 2013 жылы толық қайта қалпына келтіріліп, ішкі жағы консервацияланып үсті топырақ үйіндісімен жабылды.

Ахмет Ясауи кесенесінің солтүстік-батыс бетіндегі 22 м қашықтықтағы «Шілдехана» құрылысы да XII-XIII ғасырларда салынған жартылай жерасты ғимараты, кейіннен қалпына келтірілген.

«Шілдеhana жерасты мешіті»



Түркістан қаласын Қ.А.Ясауи кесенесі маңындағы
«Шілдеhana» жерасты мешіті

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен солтүстік батысқа қарай 12 м жерде орналасқан жерасты нысанының бірі – Шілдеhana жерасты мешіті. Онда сопылар қырық күн шілдеде діни әдетғұрыптар өткізетін орын болған. Шілдеhana құрылысы XIV-XV ғғ. салынған деп есептеледі. Уақыт өте келе, қирап көміліп қалған ескерткішке 1958 жылы археолог ғалым Н.Б.Немцева (Немцева, 1961: 92-95) археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Шілдеhana жерасты мешітінің тек төрт қабырғасымен кіреберіс дәлізі ғана сақталған. Жерасты мешітінің басқа да бөлмелері болған болуы тиіс деген жорамал жасауға болады

1997-2001 жж. М.Тұяқбаев бастаған Түркістан археологиялық экспедициясы Кіші Қылуетті қайтадан қазып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде «Кіші Қылует» 1943 жылы бұзылып, кірпіштері май заводын («Антибиотик») салуға жұмсалғандығын растады.


Шәмет ишан жерасты мешіті



Шәмет ишан мешіті — XIX ғасырда салынған архитектуралық ескерткіш. Құрылыста үлкен құлшылық, кіші құлшылық бөлмесі, қылует, ғар бөлмесі, шаруашылық бөлмесі және коридор бөлмесі қарастырылған. Мешіт күйдірілген кірпіштен салынған. Түркістан аумағында орналасқан қылует мешіттердің соңғы үлгілерінің бірі болып табылады. Мешітте сопылардың қырық күн шілдеде діни әдет-ғұрыптар өткізуіне барлық жағдайы жасалған. Мешіт екі күмбезбен көмкерілген. Ондағы ағаш бағаналар тіреуіш қызметтерін атқарған. Мешітке қосымша айван бөлмесі қосылған.

Мешіттің жанынан медресе құрылып, онда ондаған мүридтер білім алған. Медреседе XIX ғасырда Шортанбай Қанайұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Балмағамбет Балқыбайұлы, Молда Мұса Байзақұлы т.б. қазақ зиялылары оқыған деген деректер бар. Мешіттегі медреселер XX ғасырдың II-ші жартысына дейін жұмыс істеген.

Сексек ата жерасты мешіті



Сөксөк атаның мазары, зияратжайы Сарыағаш ауданы, Жібек жолы ауыл округіне қарасты шөлді аймақта, биік төбенің басындағы тегістіктегі ескілікті қорымда орналасқан.

Ешкі пірі Сексек ата шежірелік деректерде Қазығұрт тауының бауырында Тұрбат деген жерде жерленген Исмайыл атаның баласы делінеді. Аңызға көз жүгіртсек: «Ал Шекшек болса ағасының қатыгездігін айтып, ел-жұртына рахымды болуды, қуып жіберген інілерін тауып әкелуді айтқан екен. Ол: «Сен мені құртып, орнымды алғалы жүр екенсің», - деп жазалап,

осы маңдағы иен далаға әкеліп тастапты. Қорлыққа шыдамаған Шекшек талай рет өліп алмақ та болыпты. Ақырында қайратына мініп, есін жиып, етегін түріп, қырат-қыраттың тауешкі асатын жолдарын бекітіп, мың бір жапада қыруар тауешкілерді қолға үйретіп алыпты» – деген деректі байқаймыз.

Имам Марғузи жерасты мешіті



Имам Марғузи жерасты мешіті — XIX ғасырға тән архитектуралық ескерткіш. Түркістан оазисіне қарасты Шобанақ елді мекенінде орналасқан. Мешіт ескі қорымның төбешігінде қабырғасы кесектен тұрғызылған. Порталды күмбез құрылысы дәстүрлі ортағасырлық архитектуралық мектебіне тән — негізінен Оңтүстік Қазақстан өңірінде көптеп кездеседі. Мешіт көне үлгіде салынып, кейінірек қосымша шілдеhana бөлмесі қосылған. Мешіттің архитектуралық құндылығы көркем. Құрылыстың жобасы төртбұрышты, күмбезі конус түрінде жасалған. Мешіттің шілдеhana бөлмесі сопылардың діни әдет-ғұрып жасауына ыңғайланыстырып жасалған.

Аңыз, әпсаналарда Имам Марғузи Қожа Ахмет Ясауимен айтысу үшін Бағдаттан арнайы келген. Қожа Ахмет Ясауидің әулиелігін мойындап өмірінің соңына дейін мүридi болып, көптеген шәкірті тәрбиелеген. Ол үстіне кілең көк түсті киім киіп жүргендіктен Көк тонды-ата деп аталған. Өзінің шын есімі — Имам Марғузи. Ұлты парсы болғандығы айтылады.

Ет жемес Ешан ата жерасты мешіті



Ет жемес Ешан ата туралы бір ғасыр бұрын жазбаша дерек қалдырған, патшалық ресейдің генералы Н.С.Лыкошин (1870-1922) өзінің «Түркістанда өткен жарты ғұмыр» кітабында, Ет жемес ешан атаның «дербісанасына» 500 адамға дейін жарлы-жақыбайлар қатысып, тамақтанатынын жазған. Осынша адамды тойындыратындай ешан атаның өзінде байлық болмаған. Генералдың жазғанына қарағанда, Ешан ата мүридтері мен жеке адамдардан келген сый-сияпаттар, қайтадан халықтың мұң-мұқтажына (арық қазу, көпір салу, бау-бақша өсіру, жоқ-жұқаналарға азық-түлік тарқату т.б.) жұмсалатын. Соның бір жарқын көрінісі – дербісана өткізу еді.

Қазіргі «Сарыағаш» шипажайының батыс жағында, көз жетер жердегі Құдайқұлдардың ескі қыстауына алғаш көшіп келген 1866-жылы, Ешан Баба 33 жасқа енді ғана толған еді. Орыс Ташкентті Қоқандықтардан тартып алғанының екінші жылы болатын. Генерал Н.С.Лыкошиннің жазбасында Ешан Бабаның қазақтар арасында жасаған кезінде 4 жерде жер асты мешіті-қылуы болған делінген. Соның біріншісі, кейін бүкіл Ташкент өңіріне «Ешан бау» деген атпен белгілі болған ауылдағы «Ешан ата мазарының» күн шығыс жағынан қазылған еді.

Ет жемес ешан ата осы ауылда талай рет дербісана өткізген. Алланың өзі және оның Құрандағы сөзі туралы жиналғандар алдында уағыз-насихатын жүргізген. Яссауи бабамыздың хикметтерін оқыған, көпшілік болып Зікір салып–Алланы еске алған. Соңынан жаңадан көк шығып, дала құлпыра бастаған шақта халықтың, жалпы мұсылманның биылғы жаңа жылда денсаулықтарының жақсы, жұмыстарының жемісті, бала-шағаларының аман болуларын бір Алладан сұраған.

Шілтен жерасты мешіті



Шілтен жерасты мешіті


Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Тұрбат елдімекенінде орналасқан



Ысмайл ата мешіті маңындағы белгісіз жерасты құрылысы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Тұрбат елдімекенінде орналасқан

Шақпақ ата жерасты мешіті



Түпқараған ауданы, Таушық ауылынан
30 км солтүстік – батыс бағытта
Шақпақ ата жерасты мешіті.
IX – X ғғ.
Жоба
Өлшемі, сызбасы 1979 жылы жасалған



0 5 м

Шақпақ ата жерасты мешіті — XII-XIX ғғ. аралығында ірге тепкен қорым, архитектуралық ескерткіштер. Маңғыстау облысы, Таушық елді мекенінен батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Шақпақ ата — сағантам, құлпытас, сағана-қойтас сынды ескерткіштер мен жер асты мешітінен тұрады.

Жартасты қашап салған Шақпақ ата мешіті (қорым осы мешіттің атымен аталып кеткен) қазақ сәулет өнеріндегі жер асты құрылыстарының озық үлгісі болып табылады. Оның салыну тарихы жайында толық дерек жоқ, тек халық аузында «Шақпақ ата» мешітті салдырушы сопының лақап аты, оның мәйіті мешіт порталы қашалған жартастағы қуыстардың (жартаста ойып жасалған бірнеше қуыс бар) біріне қойылған деген аңыз сақталған. Ал мешіттің нақты қай ғасырда салынғандығы жайында әзірге екі түрлі болжамдар айтылады. Зерттеуші А.Медоев мешіт құрылысын XI-XII ғғ. салынған десе, М.Меңдіқұлов XIV-XV ғғ. жатқызады. Мешіт құрылысы XIV-XV ғғ. тән болуы мүмкін.

Мешіт — орталық күмбезді бөлмені басып өтетін ұзын тұзара, оның екі қапталындағы қоржын үй болып келген. Орталық жамағатхана бөлме көлемі 5x4,5м. Төрт бұрышынан жұмыр бағаналар қашалып, олардың арасы декоративтік аркалармен байланысқан. Жамағатхана төбесінен күмбез ойылып, одан цилиндр тәрізді ойынды биіктігі 1,55м шығарылған. Ойынды сырттағы шаршы планды павильонмен жалғасады. Павильон орталық бөлмеге жарық түсіріп тұрған ойындыны жауын-шашыннан қорғаумен қатар, бақылау мұнарасы рөлін атқарған. Қос қапталдағы бөлмелердің солтүстік жағындағысы жоллаушылар аялдайтын ханака (сәкісі бар) болуы ықтимал. Ал оңтүстіктегі бөлменің төргі қабырғасында михраб, оның екі жағынан шағын екі бөлме ойылған. Мешіттің қабырғаларында арнайы жасалған өрнек белгілері байқалмайды, тек әр жерінде тайыз қашалған қуыстар бар. Негізгі әшекей өрнек бас кіре берістің порталы мен босаға қабырғаларын нақыштауға (жануарлар, қару-жарақ, салт атты адам суреттері, жазулар т.б) жұмсалған.

Шопан ата жерасты мешіті



Шопан ата жерасты мешіті — Маңғыстау облысы, Сенек ауылының солтүстік шығысынан 25 км жерде орналасқан. Кешеннің құрамына ежелгі құдық, жер асты мешіті, Шопан ата мешіті (мешіт, ханака, сағана) мен сағанатамдар және алуан формадағы қой тастар мен құлпытастар енеді. Мешіт құрылысы шамамен XIII-XIV ғғ. тән.

Мешітті Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті Шопан ата салдырған. Беннигсон Ясауидің Шопан ата және Қара баба атты шәкірттерінің болғандығын айтады. Мешітте сопылардың қырық күн шілдеде діни әдет-ғұрыптар өткізуіне жағдайлар толығымен сақталған.

Маңғыстау өңірінде жер асты мешіттері көптеп кездеседі. Бұл қазақ даласында сопылық ілімінің өзара сабақтастығын көрсетеді. Мешіт құрылысын 1952 жылы М.Мендікұлов, 1977-1978 жж. Қазақ КСР Мәдениет министрлігі және 1982 Республикалық ескерткіштерді қорғау қоғамының экспедициясы толығымен зерттеді.

Бекет ата жерасты мешіті



Бекет ата — Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет Ата есімімен байланысты жер асты ғимараттарының ортақ атауы.

Олар туралы халық жадында сан алуан аңыздар сақталған. Бекет Ата Мырзағұлұлы [1750- 1813] - әулие, халық батыры, абыз көреген, ағартушы, сәулетші. Туып, өскен жері Жем өзені бойындағы Ақмешіт Құлжан, Маңғыстау өңірі. Бекет Атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбексүйгіштік, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан. Адайлар өзінің ұранына айналдырған. Халық Бекет Атаның өмірін, қысылғанға жар болған ерекше қасиетін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа ұластырған.

Бекет Ата бес мешіті бар. Оның бірі маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда, екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал жағасындағы Баялыда», бесіншісі Маңғыстау ауданы Тобықтыда дейді. Бекет Ата бұл мешіт-медреселерде құдайға құлшылық еткен, бала оқытқан. Бекет Ата ескерткішінің бірі - Жем өзені бойындағы Ақмешітте, Құлсары қаласына жақын жерде. Әктасты жартасқа қоржын там етіп ойып жасалған шағын ғимарат. Оның басына кейін қос кесене тұрғызылған. Екіншісі - Ескі Бейнеуде, ұлутасты шатқалға қашалған. Бөлмелері құлап, үгітіліп, байырғы қалпын жоғалта бастаған. Баялыдағы ескерткіш-ғимараттың жай-күйі мәлім емес. Бекет Атаның Оғыландыдағы жер асты ғимараты жақсы сақталған. Оңтүстік Үстірттің Маңғыстау ойысына тірелген бір тұмсығының үзіліп қалған шоқысына қашалған. Үш-төрт қанат киіз үй көлеміндегі үш бөлме. Бекет ата мүрдесі осы бөлмелердің бірінің іргесіне қашап орналастырылған. Немересі Мұрынның мүрдесі де осы бөлмеге қойылған. Кіреберіс бөлмеден жоғары шығатын есік арқылы жоғары бөлмеге баруға болады. Онда Бекет Атаның қызы жерленген.

Жем бойындағы Бекет ата мешіті



Жем бойында салған мешітінде Жаналы атасы, шешесі Жания мен әкесі Мырзағұл жерленген. Бекет-ата 1771-1775 жылдар арылығында Хиуадағы медресесін бітіріп келіп көтерген мешіті.

Бейнеудегі Бекет ата мешіті



Бейнеу станциясының оңтүстік-батысқа қарай 17 шм қашықтықта орналасқан. Мешіт жартасты мүйістен ойып жасалған. Үлкенді-кішілі, бір-біріне жалғастырып салған 4 бөлмеден тұрады. Көлемі жағынан ең үлкен бөлмесі дөңгелек жобамен, төбесі күмбез тәрізді ойып жасалған. Жалпы көрінісі қазақтың киіз үйінің пішініне келеді. Бөлмелердің қабырғалары тегістелген, жазу, сызу ешқандай іздер кездеспейді, әр жерлерде шамшырақ қоятын терең емес ойықтар бар.

Оғыланды Бекет-ата жерасты мешіті

ШМ




Қарақия ауданы, Сенек ауылынан 95 солтүстік-шығыс бағытта орналасқан киелі орын. Ел арасындағы аңыздарға қарағанда Бекет-Атаны осы жерден мешіт салуға бастап келген де осы Оғыланды екен.

Тобықтыдағы Бекет-ата жерасты мешіті



Тиген елді мекенінен 24 шм қашықтықта орналасқан. Қазіргі таңда мешіт құрылысы қалпына келтірілген. Бұл жерасты мешіттерінен басқа да Ишанқожа, Жоласқан, Сонабай, Ұйтолы, Төлеген-әулие жерасты мешіттері мемлекеттік қорғауға алынған.

Қараман ата жерасты мешіті





Қараман ата жер асты мешіті — XII-XVII ғасырларға жататын діни сәулеттің бірі. Сәулеті келіскен мешіт Маңғыстау ауданының Шетпе кентінен 35 шақырым оңтүстік батыс бағытында, Қандыбас қыстағының батысында 5 шақырым жерде орналасқан. Жер асты мешіті үш бөлмеден тұрады: кіреберіс бөлме, оған жалғасқан намаз оқитын зал және Қараман ата жерленген дөңгелек бөлме.

Кей зерттеушілер «Қараман ата Есен атаның баласы, Шопан атаның немересі. Барлық жағынан ол атасына тартып, көптеген кереметтер жасаған, Шопан ата моласына барар жолда мешіт тұрғызған. Қараман ата өмірден өткен соң, мешіттің жанында жерленген. Бірақ, нақты қай жерде екені белгісіз» дейді. Ал басқа аңыздарда Қараман ата мен Есен ата Шопан атаның балалары делінеді. Қараман атаны бүкіл халық құрмет тұтқан. Ол тіпті көзі тірісінде-ақ әулие атанған жан. Адамдарда тура жолға бастап, жастарды қолдап, желеп-жебеп отырған. Қараман ата жер асты мешіті — бағзы заманнан бері ант берісіп, ақ-қараны айыратын бірден-бір қасиетті де киелі орын.

Ишан Қожа жер асты мешіті



Ишан Қожа жер асты мешіті – дәстүрлі діни сәулет өнері ескерткіші. Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласының оңтүстік жағынан 30 км жерде орналасқан мешіт Ишан қожа қорымының (кейбір деректер бойынша Сейіт қожа) шетіндегі төбенің жартасынан қашалып жасалған үңгір ғимарат. Мешіттің кіреберісі оңтүстікке қараған; аласалау дәлізіне өң-делмеген беті тегіс тастар төселген. Шығысындағы намаз оқитын бөлменің оңтүстік қабырғасынан михраб қашалып жасалған. Мешіт құрылысы жақсы сақталған. 18 – 19 ғ-лардағы дәстүрлі діни сәулет



өнерінің ғимаратына жататын мешіт жанындағы қорымда 50-ге тарта ескерткіштер шоғырланған. Ел аузындағы және тарихи деректерге қарағанда бұл өңірде 18 – 19 ғ-ларда балық аулау кәсіпшілігімен айналысқан түрікменнің қожа тайпасының елі

жайлаған. Осыған байланысты қорымдағы ескерткіштерде белгіленген таңбалардың көбі қожа тайпасының, яғни шеңбер тәрізді, тек аз ғана бөлігі ғана адай тайпасының қа-біртастары саналады. Мешіт құрылысы Маңғыстау облысы әкімінің шешімімен 2002 ж. жергілікті дәрежеде мемлекеттік қорғауға алынған.

Сұлтан үпі жерасты мешіті



Сұлтан үпі жерасты мешіті 1982 жылы жергілікті дәрежеде мемлекет қамқорлығына алынған. Зиярат орны және Сұлтан-үпі кесенесі - тік қойылған ағаш сырықты шеңберлі қоршау түріндегі әулие Сұлтан үпі қабірі бастап тұр. Жерасты мешіті, зираттан біршама қашықтықта солтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Сұлтан-үпі мешіті жердің тастақ қабатынан ойылып салынған. Мешіт теңіздің солтүстік жағажайының оңтүстік-басты бөлігінде орналасқан. Ескерткішті Маңғыстау МТМҚ ММ мамандары 2003 ж. зерттеген. Жерасты мешіт бірнеше камералық бөліктерден - 9 бөлмеден тұрады. Мешітке түсер баспалдақ өңделмеген әртүрлі өлшемдегі тастармен тіке қаланған. Баспалдақ арқылы биік күмбезді залға түседі. Қабырға құрылысы тастан қаланған. Бөлме ішінде біршама көтеріліп шығатындай баспалдақ жасалған. Зал тікбұрышты, қабырғалары горизонтальды қалауымен биіктігі 3м-ге дейін жетеді. Залдың солтүстік қабырғасында да ойығы бар, тар бөлмеге апарады.

1873 жылы Тбилиси (Тифлис) қаласында басылып шыққан «Предания адаевцев о святых секты ханафие, живших и умерших на Мангышлаке //Сборник сведений о кавказских горцах» 7-ші шығарылымында жазылған аңыз-деректерде Сұлтан епе Сүлеймен Бақырғанидың баласы екен (аңыз әңгімелерде ол кісіні Хаким ата деп те атайды).

Аңыз бойынша, Сұлтан үпі адамзатты су апатынан құтқарушы. Адамдар «Сұлтан үпі, сақтай гөр су апатынан» деп жалбарынған. Әкесінің міндетті намазын оқуы үшін, Меккеге бармас үшін Қағбаны әкеліп берген. Өлген жануарды тері мен сүйектен қайтадан тірілткен. Сұлтан үпі жерасты мешітін салған адам – Хайролла есімді сопы. Енді бір деректерде Сүлеймен Бақырғани баласы Сұлтан-үпінің кереметтілігі өзінен асып түсетінін байқағаннан кейін, «Балам, екі қошқардың басы бір қазанға сыймас» деген. Бірде құрбан айт мерекесінде Хакім атаның мүридтері жиналып он өгіз сойып, келесі күні келген Сұлтан-үпіге ештеңе қалдырмастан жеп қойғаны, жалпы әкесінің баласына әр кез сенбестік білдіріп, сын көзбен қарағаны үшін ренжіп, әке-шешесімен қоштаспастан, көрінбей кеткені жайында жазылады. Хакім ата жоқ болып кеткен ұлын ұзақ іздейді, бірақ таба алмайды. Мұны естіген Қожа Ахмет баласына дәрекі қараған Хакім атаға ренжіп, сенің молаңның үстінен қырық жыл бойы су ақсын деп бата береді. Көп ұзамай Үргеніш (Әмудария) өзені өз бағытын өзгертіп, Бақырған қаласын қиратып, оның үстімен ағады.

Масат Ата жер асты мешіті



Масат ата жерасты мешіті – Маңғыстау ауданы, Ұштаған ауылынан 20 км оңтүстік-шығыста орналасқан. Зерттеулер нәтижесінде, қауымнан 526-ға жуық ескерткіш есепке алынған. Қауымдағы алғашқы ескерткіштер шамамен, 14-18 ғғ. аралығын қамтиды. Қауымның оңтүстік-батысында Масат атаның жер асты мешіті орналасқан. Мешіттің ішкі аумағы 4 қанат үйдей. Есік қапталынан михраб, қабырғаларынан сөрелер қашалған. Төбедегі тесік аузы таспен биіктетілген.

Масат ата аңыз әңгіме дерегі бойынша – Хорасаннан келген, қарудың қай түрі болсын ешбірі дарымайтын, әрі жауынгер, әрі молда кісі болған. Жаулары оны өлтірудің сан алуан әдісін жасап көреді, бірақ еш нәтиже шығара алмайды. Сонда ең соңғы тәсіл әйелі арқылы батырдың ерекше қасиетінің сырын білуге кіріседі. Масат ата таң намазына тұрғанда, өз денесінің жүйе-жүйесі босап, отырған орны мен төңірегі бастапқы күйін өзгертіп, бей-жай күйге түседі акен. Және намаз кезінде батырдың да бойы жұмсарып, әлсізденеді, ол төңірек құм мен тас та ериді екен. Міне, осындай сәтте жау да келіп Масат атаның басын шапқан. Шабылған бас жаюлы жайнамазға түседі, Масат ата басын жайнамазға ораған күйде үйден шыға жүгірген, сонда үй қасындағы құлыны бар сауын бие де артынан ерген екен. Атаның да, құлын мен биенің іздері де, атаның мойынынан тамшылаған қанның ізі де жолдың құбыла тұсындағы көк тасқа айна-қатесіз түсіп қалған. Масат ата пырақ болып ұшып кетіпті. Сонымен Масат атаның зираты жоқ, бірақ өлкедегі ең ескі, ежелгі киелі орын осылай аталады. 1982 ж. Республикалық мәртебеде мемлекеттік қорғауға қабылданған тарихи-мәдени ескерткіш. Қазақстанның жер-жерінен зияратшылардың келетін киелі орын.

Төлеген-әулие жерасты мешіті



Төлеген-әулие жерасты мешіті – Шайыр ауылынан 20 шм солтүстік-батыс бағытта орналасқан. Қаратау сілемдерінің батыс бөлігіндегі «Тасжол» деп аталатын айқаса орналасқан тау жотасының оңтүстік-шығыс жартасынан қашалған үңгір-кеуектегі мешіт құрылысы бір бөлмеден тұрады. Оңтүстікке бағытталған кіріс ойығының биіктігі 110 см, ені 120 см, жоғарғы бөлігі доғалана қашалған. Қалыңдығы 90 см болатын кірісінің солтүстік жақтауына эпиграфика кескінделген.

Бөлменің солтүстік бағыттағы қабырғасының орта тұсынан өлшемдері 140x140x81 см төртбұрышты ойықтың ішіне қарай бір адам тізерлеп еркін отыратындай қуыс (михраб) жасалған. Мешіт қабырғаларының кей жерлерінде төте жазуы кездеседі.

Жазба деректерде мешіт алғаш рет Гаспар Насибьянцтың 1900 жылы осы жерлерде жүргізген топографиялық зертеулерінде кездеседі. Ол былай деп жазған – «Тас жолдың етегінде көлемі үш шаршы аршын болатын үңгір бар. Бұл үңгірдің жарлары мен төбесі әртүрлі бояулармен сырланыпты. Кіре беріс жерде темір байланған ағаш тұр. Бұл Төлеген әулиенің моласы екен».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша Қазақстанның жергілікті маңызы бар қасиетті нысандар тізіміне енгізілді.

Үйтолы жерасты мешіті



Үйтолы жерасты мешіті 4 камералық бөліктен және жартылай ашық қалдырылған кіріс дәлізінен тұрады. Сайдың солтүстік шығыс бағытына қарай жалғаса қашалған бөлмелердің орташа биіктіктері 2,5м болып келеді. Аула тәрізді жартылай дөңгелек пішіндегі кіріс дәлізінен өбесінде диаметрі 80см жарық түсіріп тұратын ойығы бар үлкен бөлмеге кіргенде оң және сол бағытта екі бөлмеге тараған, одан әрі жалғаса орналасқан. Бөлме кірістері кең көлемді тәрізде қашалған. Қабырға жартастарының әр жерінен шамшырақ қоятын кішкентай ойықтар байқалады. Мешіт қабырғалары доғалдана, ойыла, қыртысты қашалған, бөлме едендерін қабырғалардан түскен топырақ басқан. Мешіттің сыртқы төбесіне дейінгі жалпы биіктігі 7м.

Көбен жерасты мешіті



Көбен жерасты мешіті - Жарма ауылының оңтүстік - шығысында 12 шақырым жерде Сауысқан құмының оңтүстігіне таман орналасқан. Мешіт осы аттас қауымға жақын жерде. Қауым 19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басына жатады. Жерасты мешіті борлы әктастан ойылып жасалған. Төртбұрышты



формалы болып келетін екі бөлмеден тұрады. Дәліз өңделген тастардан өріліп күмбез тәріздес жасалған. Қазіргі уақытта күмбез құлаған. Бөлменің ішкі жағынан күмбездің қолдан өрілгенін байқаймыз. Тастар жақсы өңделіп, бір-біріне әдемі қиюластырылған. Уй қабырғаларында оны жасау кезінде пайдаланған құрал-саймандардың іздері айқын сақталған.


Орталық бөлме төртбұрышты етіп жасалған. Оның кірер жағында төбеге тіреуге арналған шығыңқы өрнексіз бедер жасалған. Құмтастан жасалған екі шырағдан орны сақталған. Осы бөлменің төбесінде сызбада дөңгелек тәріздес болып келген тесік арқылы ішке жарық түседі, ол ішкі жағынан өңделген тастармен қаланған. Бөлменің шығыс беттегі жарында арабша жазылған жазулар кездеседі.

Темір Абдал жерасты мешіті



Темір Абдал жерасты мешіті, ескерткіш әйгілі Шерқала тауының батыс жағында. Шетпе кентінен 18 шақырым оңтүстік-батыста орналасқан. Ескерткіш Шерқала қауымынан онша қашық емес. Қауымда өңделмеген тастармен қоршалған ескерткіштер бар, шығыс бөлігінде композициялық қойтастар мен сағанатамдар қойылған. Қауым XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына жатады. Жерасты мешіті құмды-сазды қабаттан ойылған. Бастапқыда екі бөлмеден тұрған. Қазіргі уақытта оның біріншісі құлаған. Сақталған екінші бөлме төртбұрышты сияқты қылып үңгіп жасалған. Оның ішіне жарық түсіретін төбедегі ойық көрінбейді. Мешітті салдырған немесе кейін онда діни жұмыстар жасаған түркпеннің Абдал руынан шыққан Темір есімді тұлға болуы мүмкін.

Жаман Сауран жерасты мешіті



Жаман Сауран жерасты мешіті, Ескерткіш Жармыш ауылынан 12 шақырым оңтүстік –шығыста орналасқан. Ескерткіш Қаратау тауының шығыс бөлігіндегі осы аттас бұлақтан онша қашық емес жерде орналасқан. Біздің қолымызда ескерткіш туралы нақты дерек көздері кәзіргі таңда жоқ. Мешіт қатты жыныстан үңгіп жасалған. Дөңгелек болып келген екі бөлмеден тұрады. Бірінші бөлменің ортасында тіреу қалдырылыпты, ол кезінде мешіт төбесінің беріктігі үшін орнатылған сияқты. Тіреуге шырағдан қоюға арналған ойықтар жасалған. Екінші бөлмеге төртбұрышты етіп ойылған есік арқылы кіреді. Уақытында

қаланған тастармен жабылған болуы мүмкін, кәзір сол қаланған тастардың төменгі бөлігі ғана қалыпты. Осы бөлменің ішінде үсті ақ матамен жабылған қойылым бар. Ескерткішті анықтау кезінде, 2007 жылдың қазан айында оған жабылған материал жанартылыпты. Бұл осы жерге адамдардың келіп зиярат жасап, табынатынын білдіреді.

Құлшан ата жерасты мешіті



Құлшан ата жерасты мешіті Атырау облысы Жем бойында, Ақкиізтоғай ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 10 шақырым жерде, Ақмешіт қорымдығына таяу орналасқан. Мешіттің алғашқы құрылысы туралы ХІХ ғасырдың 50-ші жылдары осында болған орыс топографы А.Алексеев: "...борлы төбені үңгіп жасалынған мешіт екі бөліктен тұрады, олар бірі-бірінен 7 сажын қашықтықта", – деп жазған. Бірінші бөлікте діни жоралғылар жасалған, ал екіншісінде қайтыс болған адамның кебінге оралған денесі қойылған. Мешіттің иесі Құлшан деген әулие алпыс үш жасқа жеткен соң мешіттің бір бөлмесін мекендеп тұрады, кейін сонда жерленген деген аңыз да бар.

Соңғы жылдары мешітті сақтап қалу үшін құрылыс жүргізілген, ол екі бөлмеден тұрады. Біріншісі кіреберіс бөлме, екіншісінің төбесі ұлутастармен күмбезделген, ол арқылы жерасты мешітінің алғашқы үңгіп салынған екі бөлмесіне кіруге болады. Мешіт алдындағы бөлек төрт қырлы тастың басын үшбұрыштандырып қиып, оның бетіне қазіргі заманғы жазумен "Құлшан Ата" деп жазылған. Қасында бергі уақытта түнек үйі тұрғызылған, оның шырақшысы бар, үй жақсы жабдықталған.

Мазмұны

Кіріспе	3
I бөлім. Қазақстандағы Қылует жерасты мешіттерінің қалыптасуы мен қызметі	
1. Қазақстандағы Қылует жерасты мешіттерінің тарихы мен қызметі (жазба және археологиялық деректерде)	15
2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы үлкен «Қылует» жерасты мешітінің археологиялық зерттелуі	15
3. Кеңестік биліктің қазақстандағы мешіттерге қарсы саясаты (1918-1953 жж.)	27
4. Исламдық және христиандық жерасты мінажат орындарының құрылысы мен қызметіндегі ортақ белгілер	42
II бөлім. Қазақстандағы рухани жерасты мешіттерінің анықтамалығы	
1. Үлкен Қылует жерасты мешіті	52
2. Кіші Қылует жерасты мешіті	58
3. Құмшық ата жерасты мешіті	59
4. Шілдеhana жерасты мешіті	62
5. Шәмет ишан жерасты мешіті	63
6. Сексек ата жерасты мешіті	64
7. Имам марғузи жерасты мешіті	65
8. Етжемес Ешан ата жерасты мешіті	66
9. Шілтен жерасты мешіті	68
10. Ысмайл ата мешіті жанындағы белгісіз жерасты құрылысы	68
11. Шақпақ ата жерасты мешіті	69
12. Шопан ата жерасты мешіті	72
13. Бекет ата жерасты мешіті	73
14. Қараман ата жерасты мешіті	77

15. Ишан Қожа жерасты мешіті	79
16. Сұлтан үпі жерасты мешіті	80
17. Масат ата жерасты мешіті	82
18. Төлеген әулие жерасты мешіті	84
19. Үйтолы жерасты мешіті	85
20. Көбен жерасты мешіті	86
21. Темір Абдал жерасты мешіті	87
22. Жаман сауран жерасты мешіті	88
23. Құлшан ата жерасты мешіті	89